№7 (292).
18 наурыз,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



ЖАҢА ХАЛЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ЕЛІМІЗДІ ТЫҢ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ТАБЫСТАРҒА БАСТАЙДЫ

«Қазмедиа орталығының» студиясында экзит-полл нәтижелері таныстырылғаннан кейін Мемлекет басшысы мәлімдеме жасады.

– Бүгін – Қазақстан үшін тарихи күн! Еліміздің азаматтары конституциялық реформаны қолдап, референдумға белсенді түрде қатысты. Отанымыздың болашағын ойлап дауыс берді. Бұл – өте жақсы оқиға. Қазір ғана экзит-поллдың нәтижелері шықты. Соған сәйкес қазақ елі түбегейлі тарихи таңдауын жасады. Халқымызға шынайы ризашылығымды айтқым келеді. Бүгін жұртымыз дауыс беріп, Қазақстанның тарихын, тағдырын айқындады. Бұл шешім дүние жүзі тарихында мәңгі сақталады. Бұл мәселе бойынша ешқандай күмәнім жоқ. Өйткені бұл – азаматтарымыздың бойындағы нағыз отаншылдық нышаны. Енді жыл сайын 15 наурызды – Конституция күні, яғни, еліміздің ең басты мерекесінің бірі ретінде қарсы аламыз. Себебі Қазақстан халқы жаңару мен жаңғыру үшін дауыс берді. Бұл – біздің бәрімізге ортақ жетістік. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыұлттық референдум аса жоғары деңгейде өткенін, ашық әрі әділ болғанын айтты. Президенттің пікірінше, барлық заң талаптары мен демократиялық нормалар қатаң сақталды. Мұны еліміздің және шетелдің байқаушылары да айтып отыр.

– Азаматтар жасаған таңдаудың түпкілікті қорытындысын заңға сәйкес Орталық референдум комиссиясы ресми тәртіппен шығарады. Бірақ қазірдің өзінде Қазақстан халқы ынтымақ пен бірліктің, патриотизмнің, Отан тағдырына ортақ жауапкершіліктің керемет үлгісін көрсетті деп айта аламыз. Азаматтарымыздың басым бөлігі Өркендеу, Әділет, Заң мен Тәртіп, Табиғатты аялау және Тазалық жолын таңдады. Бұл – өте жақсы жол. Жаңа Халық Конституциясы елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды. Бұған ешқандай күмән жоқ. Дауыс берушілер саны бойынша ең жоғары рекордтық көрсеткіш тіркелді. Мұндай жағдай көптен бері болмап еді. Учаскеге келіп, азаматтық ұстанымын анық білдірген баршаға алғыс айтамын. Осы арқылы күллі әлемге қазақ қоғамының саяси мәдениеті жоғары екенін паш еттік. «Бірлік бар жерде тірлік бар». Бірлік бар жерде өркендеу бар. Елдің қуаты – бірлікте. Бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбеккорлық пен сенімділік ауадай қажет. Сонда ғана озық, дамыған, бәсекеге қабілетті ел боламыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан халқы қолдаған, жаппай дауыс берген Конституция – еліміздің темірқазығы.

– Жаңа Конституция – Тәуелсіздік пен егемендік тірегі. Ата заңымыз – адам құқығы мен бостандығының мызғымас кепілі. Біз бір ел болып Заң мен тәртіп сақталатын, жауапты және жасампаз азаматтары бар Әділетті қоғам құру жолында маңызды қадам жасадық. Осылайша, бүгін ұлт тарихының жаңа парағын аштық. Алда ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Ең бастысы, халқымыз түбегейлі өзгерістерді барынша қолдайды. Біз ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, келер ұрпаққа Өркениетті, Озық Қазақстанды аманат етеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Осы референдум кезінде жастар белсенді түрде сайлауға қатысты. Жастарымызға мың да бір рақмет! Жастарымыздың дауысы, үні өте жақсы естілді. Әрқашан аман болыңыздар! Қазақ елінің қасиетті Тәуелсіздігі мәңгі болсын! Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасай берсін! Жаңа Конституциямыз құтты болсын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Akorda.kz

Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымының төрағасы Б. Ізмұхамбетовке

ШЫҢҒЫРЫП ТҰРҒАН ШЫНДЫҚҚА КӨҢІЛ БӨЛСЕҢІЗ!

Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы!

Сіз, Қазақстанның көрнекті қайраткер тұлғасысыз. Елге сіңірген ерен еңбегіңізді республика халқы өте жақсы біледі. Мемлекет тарапынан зор құрмет көрсетіліп, еңбегіңіз жоғары бағаланды. Санап жатпайақ қояйық, сан салалы қызметтерді абыроймен атқардыңыз.

Бүгінде республиканың ардагерлер ұйымын даналықпен басқарып, ардагерлердің абыройын жоғары ұстап, елге қызмет көрсетудің биік үлгісінде біліктілікпен басқарып келе жатырсыз. Осы айтылғандар құрғақ мақтау емес, сіздей ұлтымыздың ұлағатты перзентімен мақтанамыз. Өмір жасыңыз ұзақ болып, абыройлы қызметіңізге қылау түсірмей, қызықты, мағыналы етіп басқара беруіңізге тілектесіз.

Өмір болған соң, қызмет жолыңызда қыруар жандармен таныс-біліс болып, бірлесіп жұмыс істеуге тура келді. Абырой арқалаған адал, шыншыл, іскер жандармен қызмет істеу қызықты әрі жауапты. Жауапты болатыны көптің ішінен жағымпаздықтың жаттығуын терең меңгерген, бүкіл саналы ғұмырын осы бағытта баян еткен жандармен кездесіп, басшының сеніміне кіріп, адал жолдан адастырып, өзінің жымысқы әрекеті арқылы көптің көңіліне көлеңке түсіріп, арзан абырой жинап, жағымпаздықпен жан сақтап келе жатқандар кездеседі.

Ымырашыл қазақ ондайлардың бетпердесін ашып көрсетіп, басшыны да, басқаны да сақтандыруға бара бермейді. Өкініштісі сол – қоғамды лайландыратын, сасық ми, санасыздардан сақтандыратын әрекет әркез ескеріле бермейді.

Ұлы Абайдың әкесі Құнанбай абыз өз баласы дана Абайға «бойыңнан үш бірдей мін көремін» деп санамалап айтып беріпті. Құнанбайдай абыз болмасақ та, ардагер қарттар ретінде Түркістан облысының ардагерлер ұйымының төрағасы Жеңісбек Мәуленқұловтың бойынан қыруар мінді көріп, қызықтаймыз, айлакерлігін асырып келе жатқанына таңданамыз да, жиіркенеміз. Атап көрсетсек:



Сурет интернеттен алынды

1) Аспанда құдай, жерде Асанбай заманында басшыға жағыну дәуірінде өмір сүрген Жеңісбек мырза бүгінде сол қасиетімен сіздің маңайыңызда құрдай жорғалап жүргенін ардагерлер адаспай танып-біліп отыр. Бұл әрекеті қоғам үшін емес, қарабас қамы.

2) Жеңісбектің жемісі әлдеқашан піскен, Мәуленқұловтың мәуесі жерге түскен. Ол ардагерлер ұйымын 17 жыл басқарғанда айласын асырып, қалталы азаматтардан қайырымдылықты ардагерлерге деп сұрап алып, жамбасына басып, күнкөрістің күре жолын тауып, асығы алшысынан тұрып, сыртқа сыр бермей сырғып келе жатыр. Бойына қарасаң көңілің тояды, құлқынына қарасаң құрық бойламайды, ардагерлердің атын сатып, жан бағудың жайлы жерін тапқан. Мұндай асқанға тосқан болатын уақыт әлдеқашан жеткен. Сыр бермей сырғи бермекші.

Мемлекет басшысы да қызметте болу шегін белгілеген. Ал Жеңісбек жең ұшымен жалғасып, арұятты аяққа басып, жымысқылықпен жылжи бермекші. Есті жандар ескеретін уақыт жетті.

3) Ел көшкенде, ебенек ұрған жұртта қалады деуші еді. Жеңісбек елден бөлініп «мінсіз» мінез танытты. Қызметі Түркістанда болса да, 7 жыл бойы Шымкенттен шықпай, құлаққа кірмейтін жел сөзбен желеу айтып, отырысын орынды санайды.



4) Басшыға тән «ұлық болсаң, кішік бол» деген қағиданың иісі мұрнына бармайды, қарапайым ардагерлерге түйенің үстінде тұрып, менмендікпен сәлем береді. Кісілігінің кілтін аспанға іліп қойғандай.

5) Биылғы жылы аудандық ардагерлер ұйымының конференциялары өтіп, төраға сайлауы өтті. Сыбайластық сыртта қалмай, сыр беріп қалды. Жеңісбектің жымысқы әрекеті бұл жерде де қамырдан қыл суырғандай болды.

6) «Қарттықтың белгісі – мағынасыз, маңызсыз көп сөйлеу» дейді дана халқымыз. Жасы сексеннің сеңгіріне жетіп отырған Жекең, қазақшалап айтқанда «мылжың» сөзбен жүйкесі жұқарған ардагерлерді азар да безер қылып, сүйексіз тіліне ерік беріп, «көсемдік» танытқысы келеді.

Дана биіміздің бірі «Тамыры суда тұрса да, уақтысы жеткенде, құрамайтын құрақ жоқ, суалмайтын бұлақ жоқ» деген екен. Дананың адамзатқа мысалмен айтқан сөзі бүгінде мағынасын жойған жоқ.

7) Халқымызда «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген сөз бар. Сынай айтсақ та, шындықты айттық. Асырып айтып, арымызды былғағымыз келген жоқ. Шындық пен әділдік тамырлас егіз ұғым. Осы екі ұғымды өмірлік ұстаным етіп келе жатқан біздер көптің көңілдегісін жеткіздік.

Сіз ақынсыз, халыққа жақынсыз. Төлеген ақын: «Ақын болу оңай дейсің бе, қарағым, аузында болу әрбір сыздаған жараның» деген екен. Сол айтқандай жараны жазатын сіздіс, сіздің кісілігіңізге кір келтірмеу – ардагерлер қауымының біздің міндетіміз.

Түркістан облысының ардагерлері атынан:

«Әділет және рухани жаңғыру» газетінің редакциясынан осы жолданған хатты жариялауды сұранамыз!



Бет қатталып жатқанда Түркістан облысының Ордабасы, Арыс және Түркістан қалаларындағы ардагерлер де хабарласып, Ж.Мәуленқұловқа қатысты арыз-шағымдары дайындалып жатқанын жеткізді. Мәселеге қатысты Мәуленқұлов мырзаға хабарласқанымызда, өз бетінше жауап беруден бас тартты. Біз бұл тақырыпқа алдағы уақытта да қайта оралатын боламыз.

НАУРЫЗНАМА: ЕҰУ ЖАСТАРЫ ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ҰЛЫҚТАДЫ



Көктемнің шуағымен бірге келген Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ерекше мерекелік көңіл күй орнады. ЕҰУ Студенттер альянсының ұйымдастыруымен «Наурызнама» онкүндігінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Мерекелік іс-шара университет жастарын бір арнаға тоғыстырып, ұлттық салт-дәстүр мен мәдени мұраны дәріптеуге бағытталған тағылымды басқосуға айналды. Шараға жиналған студенттердің басым бөлігі ұлттық нақыштағы киімдерімен көзге түсіп, мерекелік ортаға ерекше сән берді. Әшекейлі камзол мен оюлы шапандар көз тартып, зал ішінде ұлттық рухтың лебі сезіліп тұрды. Ұлттық өрнекпен көмкерілген киімдер мен қазақы нақыштағы әшекейлер мерекелік атмосфераны айшықтай түсіп, жиналған қауымға Наурыз мейрамының шынайы рухын сездіргендей болды.

8-бетте »

ТЕМІРЛАНДА ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫРЛАР

III. Қазақ, орыс, өзбекті де аузына қаратқан Жабағы бай

Отбасымды Алматыға немесе Шымкентке жіберемін, нақтырақ айтқанда Арыстағы Жәрменовтің туысы Жабағыға аманат етемін.
Міржақып Дулатов

Алаш қозғалысының Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды көсемдері, жалпы Алаш партиясы, Алаш идеясы және Алашорда үкіметі туралы том-том кітаптар шығып, он-сан деректі, көркем фильмдер түсірілді. Бұл істің бұдан былай да тереңдей, биіктей әрі жан-жақты жалғаса беретіні анық. Дегенмен осы бағыттағы зерттеу еңбектерде алаштықтардың Оңтүстік өлкесіндегі іс-әрекеті, күресі, сондай-ақ осындағы мүшелері мен жанашыр қолдаушылары жайында көбіне-көп там-тұмдап қана айтылады. Шындығында осынау бүкілхалықтық қозғалыстан Шымкент атырабы да қалыс қалған емес.

Қазақ даласында бұрын-соңды орын алмаған Алаш қозғалысы басталғанда Арыс бойын жайлаған елге сол халықтық ұйымның бас идеологы болған Міржақып Дулатовтың өзінен бұрын аты, атынан да бұрын «Оян, қазақ!» өлеңі жетті.

Міржақып Дулатов

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қарағым, енді жату жарамас-ты.

Найзаменен түртсе де,
Жатырсың, қазақ, оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны
Бердің бізге, ой, Алла-ай!

Бұл өлең күнгейдегі көп қазақ ауылдарына ауызша тарады. «Ұзынқұлақ» оны газеттен бұрын жеткізді. Құймақұлақ қазақтар бір естігеннен жаттап алып, ары қарай ұзатып алып кетті.

Көзі ашық, көкірегі ояу қазақтардың ұйқысын қашырған бұл өлеңнен соң елге Міржақыптың аты тарады.

4-бетте »

Жаңа 2026 жылдың қысы да артта қалды. Өткен жылдың нәтижелері мен үстіміздегіден уәделер күтудің қызуы жылдағыдан әлдеқайда жоғары болғаны жалаң көзге де көрініп тұрды. Десек те, жаңа «Ата заң» қабылдануға және оның жаңалану мазмұнын ұсынуға байланысты, тіпті, мұндай қоғамдық шараны өткізуге қарсы болған пікірлер де, әлеуметтік желілерде түрлі талқылаулар да аз болған жоқ. Әлі де қызуы бәсеңдемей жалғасып жатыр.



ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫН ЖАҢҒЫРТУ ҚАЖЕТ ПЕ?!

Бұл әлеуметтік-психологиялық ахуал ең алдымен нені білдіреді? Ең алдымен, кім не айтса да, қандай баға берсе де, бүгінгі күні біздің елімізде демократиялық қоғамның негізгі ұстыны мен керегелерінің бар екенін көрсетеді. Ал, осыны пайдалана отырып, бұл құндылықты қоғамның игілігіне, елдің қарыштап дамуына, азаматтардың өмірінде құқықтық мүмкіндіктерді кеңінен жүзеге асыру мәселесіне келсек, онда әзірге әңгіме аз емес екеніне де дау жоқ. Сондықтан да, бүгінде 2022 жылдың соңына дейін шегіне жеткен билік дағдарысы мен оның әупірім шешілгенінен кейінгі аз уақыттың ішіндегі 1995 жылғы қабылданған Конституцияға 33 баптық өзгеріс енгізуге арналған референдумның да қажетті де уақтылы екені бүгінде саналы, сауатты көпшілік үшін айдан анық. Соңғы төрт жылдың бойындағы, қинала болса да, алға жылжу түрлі Жолдаулар мен жиналыстар, бұқаралық ақпарат құралдары, журналистік зерттеулер мен мақалалар арқылы көпшілікке белгілі.

Солай бола тұра, неге әлеумжелілердегі пікірлерде сәйкессіздік, тіпті, қарама-қарсылық, көрінетіндей көзге түсіп тұрады? Бұл тұста, меніңше, басты бірнеше себеп те ойға келеді.

БІРІНШІ, жоғарыда айтылған демократиялық ауа райының көптеген тұстарда либерализмге де артық орын беруінен деп ойлаймын. Оның үстіне үлкен қоғамдық-әлеуметтік және саяси-партиялық ұйымдардың көпшілікпен жұмыс істеудегі тәжірибесінің әзірге жетіспеушілігінен, олардың өзара қарым-қатынастарының әлсіздігі мен ретсіздігінен сияқты. Мұндай жағдайда антикүштердің қалың көпшіліктің алдында негізсіз оларды билік орындарының ықпалында деп кінәлауы жеңілдей түседі.

ЕКІНШІСІ, өтіп кеткен ауыспалы тарихи кезеңдегі негативті фактілерді «қарсылар» қарсы пікірлер туғызу үшін пайдаланады, оларға қарсы күрес жүріп жатса да. Іс-қимылдағы билік үшін өткеннің жағымсыз әрекеттерін заңды жолмен жою, сыншылардың сынауынан гөрі, әлдеқайда күрделі екені әлімсақтан белгілі, әсіресе, демократиялық тәртіп аясында.

ҮШІНШІДЕН, Конституциясын түбегейлі жаңарту әрекеті процесінде қоғамның қандай дәрежеде болса да жіліктенуі, сол қоғамның идеологиясын түсіндіру және жүзеге асырудағы кемістіктерге де байланысты деп ойлаймын. Идеологиялық бірлік толыққанды емес елде қоғамдық, ұлттық бірлік те сондай болады емес пе? Сол себепті дүйім көпшілікпен іс-әрекеттегі конституциямен, заңдармен, құқықтық мәдениетпен, олардың маңызымен, орындалу нәтижелілігімен тұрақты түрде жауапкершілікпен жұмыс істеу – алдағы уақыттағы үзіліссіз жұмыс жасауды талап ететін құндылықтың бірі. Идеологиялық іс-әрекет (деятельность) тек үгіт-насихаттан тұрмайды. Аталмыш идеологиялық жүйенің әсері тікелей де, жанама да, орын алған жетістіктер болсын, кемістіктер болсын қоғамдық пікір аясында өз бағасын ашықтықпен алып тұрғаны пайдалы деп ойлаймын. Оң бағалы пікірлер – даму бағытының көпшілік бағасы. Теріс мазмұнды пікірлер, объективтілігі болып тұрса, реттелуге тиісті проблемалар жиынтығы.

Соңғы екі ай бойы жаңалануға тиісті басты заңдар негізінің жобасымен халық танысып, біреулер қолдап, біреулер тартысып жатыр. Қоғамдық талқылау болған соң, біраздары қолдайды. Біреулер қарсы болады. Тиісті тереңдікте түсіне қоймаса да, әйтеуір қарсы болуды «мәртебе» көретіндер де аз емес сияқты. Бірақ, ұлттық бірлікке сызат түсіретіндер, меніңше, осы аталғандар емес. Бұлардың көпшілігі алуан түрлі насихат пен түсіндірулер нәтижесінде басым көпшілігі оңға бұрылатындар. Азаматтық құқығын өздері көкірегімен қорлағандар не қолдап, не қарсы дауыс бермей, үйлерінде түк бітірмей-ақ жатып алып, ертеңінде «әдейі бармадым, бәрі дұрыс емес» деп масаттанатындар. Онан кейінгілері биліктен айрылғандар мен олардың «жанашырлары», артта қалып бара жатқан қоғамдық тәртіпті өздеріне қолайлы деп есептейтіндер...

Мемлекеттік конституциялық тәртіптер жинағын әлсіз, орындалуы екіталай деп сезінетін, түсінетін жандар да кездеседі. Олай емес екені ең жаңа тарихымыздан көрінбеді ме? (Әрине, ел басына келген деспоттардың кейбір жағымсыз әрекеттерін айтпағанда). Мысалы, кеңестік кезең орнаған өткен ғасырдағы 20-сыншы жылдардың басындағы алғашқы Мәскеуге тәуелді деген конституциямыздың өзі азаматтық құқымызды, автономиялық болса да, еліміз бен жерімізді, мемлекеттік пішінімізді жаңа идеологиялық жағдайда колониялық ахуалдан қайта туғызған жоқ па еді??

Әрі қарай айта берсек, отызыншы жылдардың екінші жартысында өмірге келген «сталиндік конституциямыздың» өзі (жетпісінші жылдар соңындағы «брежневтік көшірмесімен») кезінде республикамызды «хрущёвтік» бөлшектеуден аман алып қалып, уақыты туғанда Тәуелсіздікке қол жеткізген жоқ па еді?! «АТА ЗАҢ» деп айдар таққан елдің заңдар жинағының шығу тегі болып табылатын осы қасиетінің өзі – қоғам үшін таптырмайтын құндылық!

Жаңа Конституциямызды даярлау уақытындағы менің байқауымша ең көп көтерілген пікірлердің бірі – бұл маңызы сөзсіз мемлекеттік құжатымызды ауыстыру жиілігі. Көбіне пікір таластырушылар дамыған деген елдердің тәжірибесін алға тартады. Әсіресе, АҚШ-тың тарихын еске сала бастайды. Мұндайда ата-бабаларымыздың «әр елдің тірлігі басқа, иттері қара қасқа» деген нақылдары еріксіз еске түседі. Жоғарыда келтіргендей, алғашқы қажеттілігі мен пайдасы қанша жерден болғанымен, қаласақ та, қаламасақ та, қабылдаған социалистік конституцияларымызды ауыстырғанымызға ешкімнің де қарсылығы жоқ шығар.

Ал, 1993 жылғы «социалистік идеология» жойылып, «нарықтық идеология» мен өткендегінің нақты айырмасын маманбыз дегендердің өзі терең түсінбей, мемлекеттік идеологияны билік үшін күреске айналдырып жіберген сәттер болды емес пе? Оның үстіне елдің шаруашылығы мен тіршілігі «екі-үш жылда жоғарылайды» деген уәдеге қарамай, оңайлықпен оңалатын түрге ене қоймады. Түгелімен кеңестен шыққан, сол кездегі бар ғылыми атақтар мен шендерді жинап алған «данышпан-заңгерлер» негізін салған аталмыш конституцияның бары, не жоғының өзі қалың көпшілікке құқықтық-экономикалық әсер ете қоймады. Енді не істеу керек? Әрине, жаңарту керек! Басқа не істейсің?!

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының қақ ортасында тәуелсіз еліміздің екінші Ата заңы пайда болды. Халқымыздың басым бөлігі қолдады. Дауыс беруге барғаны да, бармағаны да. Тәуелсіздік ұлтқа ешқандай жағдайда айырбастауға болмайтын сансыз дүние бергенімен, сындарлы саясатсыз, терең тәртіпсіз, әділетті еңбексіз, ұтымды басқару және экономикалық жүйесіз қарын тойғыза қоймайтыны көріне бастады. Бұрынғы «өкімет өлтірмейді» деген жалғанған үміт те көзден ұша бастады.

Сондықтан да, заңдарды, тәртіпті қатайту деген категориялармен демократиялық жүйенің «атқарушы билігі» саласының функциясын шексіз көтеріп, ол абсалюттендіру түсінігімен ұласты. Тіптен, «алдымен экономика, онан соң барып саясат» дейтін даму үрдісіне келмейтін ұран да көтерілді...

Десек те, 1995 жылғы егеменді еліміздің екінші конституциясы тұсында қоғамдық, мемлекеттік өміріміздің қалыптасуында, алға жылжу нәтижесінде аяқ астында қалдық демейміз. Өткендегі кеңестен тараған тәуелсіз мемлекеттер ішінде алдыңғы қатардағылардың бірі болдық десек, құлаққа кіретін сияқты. Бірақ, өкініштеріміз де әлі де есте тұр.

Тарихымыз бен табиғи байлығымыз мұра еткен мүмкіндіктерімізді сол соңғы Ата заңымыздан кешегі күнге дейінгі мерзімде тиімді, ұтымды пайдалана алмадық. Халқымыздың тұрмыстық өсуі көпшілікті қанағаттандыра алмады.

«Ескіден келіп жеткен санамыздың бір бұрышы» қайтадан маздай бастап, трайбализм, коррупция, ұрлық дейтін «жарықтықтар» қайта түлей бастады. Бұларға қарсы мемлекеттік те, қоғамдық та, күрес әлсіреді.

Аталмыш онжылдықтарда баюы өте тез, бірақ, саны жылдам өсе қоймайтын ірі байлар тобы пайда болды. Сонда қалай? Ел, мемлекет аяғынан зорға тұра бастады да, шетелдердегі меншігі бірнеше атасынан келе жатқандардан басып оза бастаған, «сәттілікпен жаралған» ірі кәсіпкерлер де осы конституциямыздың туындылары ма? Егер солай болса, онда біздің қолданыстағы Ата заңымыз «монополиялық капитализмге» ұқсағаны ма? Олай десек, мұндай экономикалық әдіс өткен ғасырдың алғашқы отызжылдығында терең дағдарысқа ұшырап, екінші әлемдік соғыстан соң, орнын «нарықтық экономикалық әдіске» босатты деп жүрдік қой. Тоқсаныншы жылдардың басында егемендік пен тәуелсіздіктің екпінімен, жаңа өркениетті идеологиялық бағытпен, нарықтық қатынастарына, әлемдегі үлгілі этатизмге, лаицизмге, секурялизацияға бағыт алдық дегеніміз этно және діни идеологиялармен шатасқанымыз болып шыққаны ма?!

Енді мына жағдайда алғашқы кезекте түпкі мақсатқа шатаспай, адаспай жету үшін не істегеніміз абзал? Меніңше, әрине, бүгінгі күндері өте көп азаматтардан есітіп жүргеніміздей, «ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – болашақ өркениетті еліміздің, жоғары мәдениетті халқымыздың АТА ЗАҢЫН» қабылдап, өмірімізге енгізуіміз керек!

Сапарбек САХОВ,
Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясының доценті,
тарих ғылымының кандидаты,
«АМАНАТ» партиясының ардагері

АҚ ТІЛЕК

Шымкент қаласының әкімі, құрметті Ғабит Сыздықбеков мырзаға алғыс айту хатымды жолдаймын.

Қала басшысы, құрметті Сыздықбеков Ғабит мырза!

Сіздің атқарып жатқан істеріңізге қала тұрғындары ризамыз. Қазақта жақсы сөз бар ғой «Жас келсе, іске!» деген. Міне, сіз осы сөзге лайықсыз.

Сіз қалаға келгелі шырайлы Шымқаланың сән-сәулетін, шырайын келтірдіңіз. Қала өзгеріп, нағыз мегаполис болды. Жаңа Қазақстанға, жаңарған Қазақстанға қосқан үлесіңізге рахмет.

Тағы бір айтарым, қала зейнеткерлеріне жасаған істеріңізді біз айтып, мақтан тұтып жүреміз.

Мен «Белсенді ұзақ өмір» орталығына барамын. Бассейн, бильярд, шахмат, дойбы, теннис секілді спорттың түрлеріне қатысып, онда тегін түрде бізге би, тіл үйрету қызметтерін көрсетеді.

Жол жүру ақысы автобустарға зейнеткерлерге әлеуметтік жеңілдік қаралған. Біздің Шымқалада 70 жастан асқан зейнеткерлерге барлық жағдай жасалған.

Сізге «Белсенді ұзақ өмір» орталығында жүрген қариялардың атынан, қала тұрғандарының атынан және өз атымнан Наурыз мерекесімен құттықтап, Сізге МЫҢ алғыс, рахмет айтамын.

Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, қызметіңізге сәттілік тілеймін.



Серік Әлі – Созақи,
зейнеткер, қала тұрғыны

ТОҒАТАЙ БАБАНЫҢ ҚАБІРІ ЖАТҚАН ЖЕР АНЫҚТАЛДЫ

Былтыр жазда Борас бабаның ұрпақтары Досжан мен Нұрлыбек және Тоғатай бабаның ұрпақтары Ақжігіт аға мен Түлкібас станциясындағы мешіттің имамы Мейірхан төртеуі Тоғатай бабасының қабірін көріп әрі оның жатқан жерін анықтап, зиярат жасап қайтыпты.

Ақжігіт ағамен бір жолыққанымда, маған Тоғатай бабамыздың зиратының қалай табылғаны туралы айтып берген болатын.



Ағамыздың айтуынша, Тоғатай бабамыздың қабірі Бәйдібек ауданы, Қошқарата ауылынан Жуалыға қарай шыққан трассаның Түркістан мен Жамбыл облыстарының шекарасына жеткен тұстағы оң жақта, яғни оңтүстік батыс бағытында, Боралдай шатқалына қарай жүретін далалық жолдың оң қапталында жатыр екен. Қабір трассадан шамамен 11 шақырым қашықтықта. оқшаулау тұрған шоқының басындағы Сәлделі әулиенің (Сәлделі тас деп те айтады) төменгі жанында орналасқан. Бұрын қабірдің басында долана өсіп тұратын дейді білетіндер, кейін ол құрап кетіп, қазір долананың тек түбіртегі ғана қалыпты. Қабірдің айналасында ескі тас қорым мен молалардың үйінділері байқалады. Табиғаты тамаша әсем шоқының етегінде егістік алқабы жатыр, оны айналасында мал жайылып жүр деді.

Әңгімесін одан әрі жалғастырып, ол Тоғатай бабамыздың қабірін іздестіру жұмысы өткен ғасырда партия, совет органдарында аудан, облыс деңгейінде басшылық қызметтерді абыроймен атқарып, елге көп еңбек сіңірген танымал тұлға марқұм Қамбар Аманқұлов ақсақалдың айтуымен ертеректе басталады. Қамбар көкем зейнеткерлікке шыққан соң «Сықым баба» қауымдастығының жұмыстарына да белсене атсалысқан абзал азамат.

Ол кісі дүниеден өтерінің алдында түс көріпті. Түсінде ақ түсті шекпен киіп, қылыш асынған, зор денелі, батыр тұлғалы екі адам келіп: «Бізді таныдың ба?» - деп сұрапты. Қамбар ағамыз: «Жоқ, танымадым» деген.

«Мен Тоғатай бабаңмын, ал мына кісі Борас бабаң!» - деп өздерін таныстырады.

Сосын: «Біріміз ойда, біріміз қырда елеусіз қалдық. Бәзді Қошқарата өзенінің бойында бір жерге бірге қойсаңдар бола ма?» - деп сұрапты. Қамбар көкем: «Болады» - деп жауап беріпті.

Оянып кетсе төсегінде отыр екен. Әлгі көрінген аталары не өңінде, не түсінде аянмен келгенін білмей қалдым дейді. Ол кезде жасы ұлғайып, күш-қуаты кеміп қалған шағы екен. Өзінің жүріп-тұруға шамасы келмейтін болған соң, ағайынның ішіндегі өзінен кейінгі үлкені Рысдәулет Дүйсебаевты шақыртады. Сөйтіп оған көрген түсін айтып және бабалардың қабірін іздестіріп тауып, аманатты орындауды тапсырады.

Осы жағдайдың мән-жәйін Рысдәулет ағамыздың өз аузынан есітіп, білу үшін тамыздың басында Досжан екеуіміз Шаян ауылында тұратын сол кісіге барып, жолығып әңгімелестік. Рысдәулет ағамыз 1930 жылы Қошқар-ата ауылында дүниеге келіпті. Жастық және жігіттік шағы осы өңірде өткендіктен, туған өлкесінің тау-тасы мен жер-суын жақсы білетіні байқалып тұр. Кезінде банк, қаржы-несие саласында ұзақ жылдар бойы бухгалтер, экономист болып қызмет атқарған. Көзі ашық, оқығаны мен тоқығаны көп және көрген-білгені мол, әңгімешіл қария болып шықты.

Қамбар ақсақал қайтыс болған соң, Рысдәулет аға оның аманатын орындауға кіріседі. Сонан Тоғатай атаның қабірін Боралдай шатқалының маңайындағы бұрыннан белгілі Тоғатайдың сайы, бұлағы, жайлауы, қыстауы деген жерлерді аралап, іздестіре бастайды. Бірақ одан еш нәтиже шығара алмайды. Сөйтіп жүргенде біреулерден осы төңіректегі Талдыбұлақ деген ауылды ертеректе Қусирақ атасынан өрбіген ұрпақтар мекендегенін, олар кезінде Тоғатайлармен көрші болып, араласып-құраласып тұрғанын, кейінірек Жамбыл облысына қоныс аударғанын естиді.

Сол қусирақтардың іштеріндегі жасы ең үлкен, жүзге таяп қалған, бір көнекөз қариясын (ол кісінің аты-жөнін Рысдәулет ағамыз ұмытып қалыпты) Жамбыл облысы, Қаратау қаласында тұрып жатқан үйіне әдейі іздеп барып, жөн сұрасады. Сөйтсе, ол ақсақалдың ата-бабалары кезінде Тоғатай бабамыздың шаруашылығын басқарған, өте жақын әрі сенімді адамдары болып шығады.

Тоғатай бабамыз өмірден озған соң, өз өсиеті бойынша ол кісіні Сәлделі әулиенің аяқ жағына жерлепті. Бұл ақиқат шындық, өйткені ол мағлұматты бағзы заманнан бері ата-бабаларымыз ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп жеткізіп келген. Әлгі қусирақ қарияның үйінде сол бабалардан қалған ескі жазумен жазылған, әбден тозығы жеткен бір бума қағаз да болыпты. Ол қағазда не туралы жазылғанын ешкім білмейді, шамасы Шежіре немесе бір тарихи деректер болуы мүмкін дейді. Өкінішке қарай, ол қағазды бірнеше жыл бұрын үйді әктеп жүрген келіндері керегі жоқ қоқыс қағаз деп, білместен оны отқа жағып жіберіпті. Соның күйігінен қария бірнеше күн ауырып, орнынан тұра алмай жатып қалады.

Содан ол қария Тоғатай бабамыздың қабірінің қай жерде жатқанын бабаның ұрпақтарының біреуіне жеткізсем деген ойда жүреді. Сол аралықта Рысдәулет ағамыз ол кісіні өзі іздеп келгеніне ерекше қуанып, сені маған Құдай айдап әкелді ғой деп, аманатты жеткізеді.

Қусирақ қариямен нақты қай жылы жолыққаны Рысдәулет ағамыздың есінде қалмапты. Одан бері шамасы 20 жылдай уақыт өткен сияқты?.. Жамбылдан қайтып келген бойда Рысдәулет аға, қасына бір-екі жолдасын ертіп алып, Сәлделі әулиеге баруға аттанады. Бұл әулиенің қорымын жергілікті адамдар бұрыннан киелі жер деп есептеп, оның маңайында тіпті аң да ауламаған. Межелі жерге жеткенде, Рысдәулет пен қасындағы кісілер Сәлделі тастың етегінде өсіп тұрған долана ағашының түбінен үлкен адамның білегіндей жуан бір қара жылан басын қақайтып көтеріп, әрі-бері теңселіп, ысқырынып, бұларға айбат етіп тұрғанын көреді. Барғандардың арасында Құран оқитын ешкім болмағандықтан, ол жерге жақындап баруға бата алмай, қайтып кетеді.

Келесі жылы жазда тағы да барады. Бұл жолы да алдарынан әлгі жылан қайта шығып, айбат көрсеткен соң кері қайтуға мәжбүр болады. Сонан кейінгі жылы әдейі қыс мезгілінде, яғни жылан ұйықтайтын уақытта барса, бұрынғы жағдай тағы да қайталанады. Сонда Рысдәулет аға бұл жәй жылан емес, Тоғатай бабаның қабірі анық осы жерде екенін дәлелдеп тұрған аян, не бабаның әруағы болар деген ойға келеді.

Сөйтіп, Тоғатай баба ұрпақтарының ішіндегі бір-екі тұлғалы азаматтарға болған жағдайды айтады. Енді не істейміз? деген ниетпен ақылдасуға барғанда, әлгі азаматтар ағамызды селқос тыңдап, ешқандай қызығушылық танытпайды, қолдау да көрсетпейді. Міне содан бері он жылдан астам уақыт өтіп кетіпті.

Рысдәулет ақсақал Тоғатайлардан әйтеуір біреуі бабаларының қабірі жатқан жерін сұрап, іздеп келер деп күтіп жүрдім дейді. Былтыр шілде айының басында Досжан және тағы басқа інілеріміз Ақжігіт ағамыздың өтініші бойынша, оны Сәлделі әулиенің қорымына арнайы апарып, Тоғатай бабаның қабірі анық сол жерде екеніне көз жеткізіп қайтыпты.

Жоғарыда айтылғандай, одан кейін біз де бабаның қабіріне зиярат жасадық дейді. Рысдәулет ақсақал біздің келгенімізге риза боп қалды. Біраз сөйлесіп, ағамыздан ертеректен ел аузында жүрген аңыз-әпсаналар жөнінде сұрастырдық. Айтуына қарағанда, Тоғатай мен оның туған інісі Борас екеуі де қол бастаған батыр болған екен.

Олар қазіргі Бәйдібек, Түлкібас және Жуалы аудандарында орналасқан Боралдай шатқалы, ҚосТұра, Үлкен Ордаған, Кіші Ордаған, Асан жайлауын, Қошқарата мен Боралдай өзендерінің бойын мекендепті. Мал өсіріп, диқаншылықпен айналысып, бай-қуатты, абыройлы әрі елге сыйлы болыпты.

Елі мен жерін жаудан қорғау үшін жыл он екі ай қастарында қарулы қол ұстаған дейді. Бір соғыста Борас бабамыз ауыр жараланып қалады. Ол кісі: «Енді мен елге жете алмаспын, қай жерде демім үзілсе, сол жерге жерлеңдер» - деп әмір беріпті.

Содан атамыз жайлауда қайтыс болып, сол араға жерленген. Ұрпақтары осыдан біраз жыл бұрын оның қабіріне тас қойып, жан-жағын темір шарбақпен қоршап, ағаштар отырғызды.

Тоғатай мен Борас атамыз бір әке, бір шешеден туған, көздері тірісінде енші алыспай өтіпті. Жер-су мен мал және дүние бәрі де ортақ болған.

Тоғатайдың жаз жайлаудағы тұрағы сол кездері адамдар әрлі-берлі қатынайтын қара жолдың бойында, бұлағы бар бір кең арнаның қойнауында орналасыпты. Жолаушылап өтіп бара жатқан адамдарды бабамыз шақырып алып, дәм ауыз тигізіп, қымыз беріп шығарып салатын әдеті бар екен.

Біз Рысдәулет ағадан Тоғатай бабаның: «Борас бабаң екеуімізді бір жерге қойсаңдар…» деген сөзін қалай түсінеміз деп сұрадық. Ол кісі бұл мәселе бойынша кезінде Қамбар көкемізбен де, басқа қариялармен де әбден ақылдасыпты. Сонан дінімізде де, дәстүрімізде де жерленген адамның сүйегін мазалауға болмайды деген қағидаға сүйеніп, қариялар екі бабаның да қабірлерінен азын-аулақ топырақты бір жерге бірге салып, белгі қойса жарар деген шешімге келіпті.

Олар Қамбар көкеміздің түсіндегі Тоғатай мен Борас бабаларымыздың айтқаны — ұрпақтарымыз тату-тәтті, бөлінбей бірге жүрсін, осылай істеңдер дегенді меңзеген ишарасы деп түсініп, қабылдаған.

Рысдәулет ағамыз бабалардың қабірлерінің топырағы салынған жерге қоятын белгіні адамдар көбірек жүретін жол бойына орнатқан абзал. Өйткені әрі бері өтіп жатқан ұрпақтары, не басқа жолаушылар болсын дұға жасауға қолайлы болар еді деген ойды айтты. Әңгіме барысында Рысдәулет ағамыздан Тоғатай бабаның ұрпағы Жолболды (лақап аты Мерген) батыр, басқа да тарихи тұлғалар туралы ел аузында сақталып келген тың деректерді естідік. Ол жөнінде Алла нәсіп етсе тағы да айтармын.

Рысдәулет ақсақалдың иығына Сықым баба қауымдастығының атынан шапан жаптық. Ағамыз ризашылық көңілмен батасын берді.

Естелікке суретке түсіп, қош айтысып, қайтар жолымызға шықтық.» деп әңгімесін аяқтады Ақжігіт аға.

Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
журналист-жазушы

adilet-gazeti.kz

2024 жылдан бері дәстүрлі Жаңа жылымыз – Наурызды фестиваль түрінде өткізуді қолға ала бастадық. Бұл әрекет наурыздаманы («наурызнама» емес, қазақша осылай аталған) ұлттық идея болуға керек бір шара деуге болады. Дегенмен, бұл тұжырымдаманың әлі де көкейде сұрақ қоздататын жағдайы бар. Бұл жолы пайымымыз тиянақты болу үшін наурыздаманың кейбір ежелгі татымды нұсқалары мен бүгінгі атқарылуға тиіс жағына көпшілік назарын аударуды жөн көрдік.



Серік ЕРҒАЛИ,
мәдениеттанушы

НАУРЫЗ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

I. АҢЫРАҚАЙДАҒЫ ТАҢБА – НАУРЫЗДЫҢ ТАРИХИ ПАСПОРТЫ

Алматыдан солтүстік-батысқа қарай 170 шақырым жерде орналасқан Таңбалы кешені – Еуразия кеңістігіндегі ең көне рухани ескерткіштердің бірі. ЮНЕСКО тізіміне енген бұл петроглифтер жай ғана аңшылық көріністер емес. Олардың ішінде Наурыздың тасқа қашалған космогониялық сызбасы бар.

Композицияда күн басты антропоморфты бейне – Күн-Тәңір, оған қарсы түн кейпі – Іңір бейнеленген. Тәңір мен Іңір құшақ жая көрісіп тұр. Олардың ортасында төрт түрлі сиыр тұрпаты: бұзау, баспақ, бұқа, көтерем сиыр. Бұл – жылдың төрт маусымы. Ал төменгі бөлігінде шеңбер жасап билеп тұрған он екі тұлға – мүшелдік айналым.

Бұл нені білдіреді? Бұл – күн мен түн теңелген сәтті, жылдың жаңаруын, ғарыштық үйлесімді бейнелеген рәсімдік композиция. Яғни, Аңырақайдағы таңба – Наурыздың ең көне тарихи фиксациясы.

Археологтар Таңбалы кешенінің негізгі қабатын қола дәуірімен (б.з.д. II мыңжылдық) байланыстырады. Демек, Наурыздың космогониялық моделі кемінде үш-төрт мың жылдық тарихқа ие. Адамзат тарихында әлі жаңажылдық осыншалықты айқын панорама ешбір жерден табылған емес және бұл бүгінгі қазақ танымын сол күйі әйгілеп тұрған құндылық. Мұндай бейматериалдық/материалдық құндылық ЮНЕСКО-да ерекше тіркелуді және оны халқымыздың мыңдаған жылдар бойғы үзілмеген сабақтас білімі мен дүниетанымы екенін паш етуді қажет етеді. Өкініштісі сол – осы әлемдік деңгейдегі артефакт паш етілмей отыр.

II. САҚ – ҒҰН – ҚАЗАҚ: БАС ТАҢ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛЫНДЫ?

Бүгінде тарихшылар сақтар мен ғұндар турасында бүгінгі қай халықтың ата-бабасы екеніне қатысты пікірталасты қыздыруда. Бірақ наурыздаманы сол халықтар қалай мерекелегеніне мән берсек, олардың бүгінгі ұрпағы кім екенін өзінен өзі шығып тұр.

Алғашқы наурыздаманы зерттеушілер қатарында болған **Тоқтасын Өмірзақов** *«...Жыл басы мерекесінің бастау алатын мекені екі өзеннің (Тигр мен Евфрат) өлкесіне тірелгенімен, оның танымдық желісі көшпелілердің рухани әлемінде жатқандай» деп бекер жазбаған.* Автордың айтуынша, бұл күні түркілер жаңа киім киіп, шаш-сақалын түзеп, алты күн садақ атып машықтанған, жетінші күні жамбы атып жарысқан. Жамбыға алғаш тигізген мергенге бір күнге ел билеу құқығы берілген. Тәңірлік танымда садақ – Кеңістіктің, оқ – Уақыттың баламасы, садақ – Аналық бастау, оқ – Аталық бастау, садақ – Судың, оқ – Ағаштың (Бәйтеректің) таңбасы ретінде ұғынылған. Осы деректер Наурыз ғұрыптарын түркілік мифологиялық танымнан бөліп қарау мүмкін еместігін көрсетеді. Енді сақтар мен ғұндардың және қазақтардың жаңажылдық бас таңды қарсы алу рәсімін келтірейік.

Грек тарихшысы Квинт Руф (б.з.д. I ғ.) өзінің «Ескендір жорығы» деп аталатын еңбегінде Орталық Азия көшпенділерінің ұлыс тойын қалай тойлайтынын тамсана жазады. Ұлыстың ұлы күні таң шапақ шашып, күн шығар сәтте қаған ордасының үстіне күн бейнелі жалау көтеріліп, қотанға шымқай қызыл мауытыдан киім киген 365 бозбала шығатын болған. Балаларды саны бір жыл ішіндегі тәуліктердің айғағындай болып, 365 өнерпаз бозбала тойдың шырайын келтірген. Бір жыл ішіндегі әрбір тәуліктің шежіре-баяны сияқты 365 күй тартылған. Сонан соң, бүкіл елдің батагөй абызы, Тәңірмен тілдес бақсысы ортаға шығып, қағанаттың үміт-тілегін Тәңірге жеткізетін 9 күй тартқан. Мұнан әрі, мерекелеу бүкілхалықтық қуаныш-қызыққа ұласқан (Квинт Курций Руф. Поход Александра. VII-VIII тараулар. Хрестоматия по истории древней Греции. Москва.1951).

Жағда Бабалықұлы, «Қазақпарат» агенттігіне берген сұхбатта қытай жазбасына сүйене отырып, Наурыз мерекесін былайша суреттейді: *«Қытайлардың жазғанына қарағанда, ғұндардың хандары – тәңіркұттар Наурыз басталатын күні тау басына шығып, ұясынан жаңа көтерілген күнге қол жайып, тілек сұрап, дұға қылады. Ол дұға қайырғанда, тәңіркұттың арқа жағын ала қолында қобызы бар абыз отырады. Тәңіркұт дұғасын оқып болғанда, абыз 9 қоңыр күй тартады екен. Ол күй тартып болғанда, оның соңын ала отырған 365 күйші бір-бірден күй тартады. Содан кейін наурыз тойы басталатын болған. Осы тойды тәңіркұттың өзі бастап тойлайтын болса, наурыздың мемлекеттік дәрежедегі мереке болғаны ғой».*

Этнограф **Ақселеу Сейдімбекұлы** өзінің бала кезіндегі таңды қарсы алу көрінісін «Қазақ әлемі» кітабында жазады *«... жастар ауылдағы ноқта көрмеген ең асау тайыншаны ұстап, ең ескі ашамайды салып, ашамай үстіне ең ескі киім-кешек пен құрым киізден жасалған қуыршақ орнатып, тайыншаның құйрығына ескі шелек байлайды да: «Ұлыс таң атып қалды, бар елге хабар бер!» деп, шабына шыбық жүгіртіп, сауырға бір салып қоя береді. Асау тайынша өкіріп-бақырып жөнеледі. Ит үреді, қотандағы мал үркеді, үй-үйден шал-шауқан ербиіп шығады, жастар мәз-мейрам болысады...»*

III. ТӨРТ САНАТ: ДӘМ – ҮН – ӨҢ – ИІС

Зерделей келе наурыздамада адам сезімінің негізгі арналарына сүйенген төрт іргелі санат/категория жүзеге асқан: **дәм, үн, өң және иіс**. Бұл санаттар бір-бірінен оқшау емес, қайта өзара сабақтасып, тұтас космогониялық жүйені түзеді.

Дәм – Ғарыштың тұтас күйі.

Наурыздағы дәм санатының басты көрінісі – **наурызкөже**. Қазақ дәстүрінде наурыз көжеге жеті түрлі дәмнің қосылуы кездейсоқ емес. Бұл – жеті қазынаны, жеті қабатты ғаламдағы бір қауызға сыйдырған бастапқы жаратылыс күйін бейнелейтін мифологиялық модель. Наурыз көже арқылы **алуан түрлі заттың бірлікке айналуы** көрініс табады. Бұл – ғарыштың хаостан космосқа айналу сәтінің тұрмыстық деңгейдегі проекциясы. Сондықтан наурызкөже - тек тағам емес, ғаламдық бірліктің нышаны. Наурызкөжеге сүр ет пен уыз қосылған. Өйткені, сүр ет – өткеншақ, уыз – осы шақ, екеуі қосылып болашақты тудырады. Уызқағанақ деген арнайы наурыздық тағам да бар. Бауырсақ дастарқанда күн шапағы ретінде ыдысқа салынып шектелмей, шашылуы тиіс.

Отырық дәстүрге тән өзбек халқының «сүмелек» (сумаляк) тағамы да осы дәм санатының бір тармағы – ғаламның әуелгі туылысын паш етеді.

Үн – Ғаламдық үйлесім күйі.

Наурыздың екінші маңызды санаты – **үн**. Түркі дүниетанымында үн тек дыбыс емес, ғарыштық үйлесімді реттеуші күш ретінде қабылданған. Осы орайда жетіген аспабының Наурызбен байланысы айрықша мәнге ие. Ежелгі сақ-ғұндардың күй тартуы, болмаса қазақтардың таңды оятып, асау тайыншаны үркітіп айналаны азан-қазан етуі ғаламдық үйлесімге үн қосуы болып табылады. Наурыздағы үн – мерекелік көңіл көтеру емес, **космогониялық акт**.Осыны бүгінде заманауи түрде күймен, жырмен неге қарсы алмасқа?

Өң – Жаңарған ғаламның бояуы

Наурыздың үшінші санаты – **өң**. Ақ түс – өлім мен қартаюдың белгісі, ал спектрлік 7 түске жіктелуі – туылыстың, жаңалықтың, дамудың нышаны. Жұмыртқаны алуан түске бояу, текемет, сырмақ, құрақ көрпені жаю, дастарқанды, жарқын түсті киіну, кеңістікті жарқын түске бөлеу – ғаламның қайта түлеген күйін бейнелеу амалы. Наурызды сол себепті үнділіктер «холи» - бояу мерекесі атайды. Жұмыртқаны түрлі түске бояу әзербайжандарда ғана емес, қазақтарда да болған.

Иіс – Жаңару мен тазару.

Наурыздың төртінші санаты – **иіс**. Түркі танымында иіс – кеңістікті тазартатын, рухты сергітетін, жаман қуатты ығыстыратын тылсым күш. Арша тұтату, жұпар иіс жағу, шелпек пісіру – барлығы осы санатқа жатады.

Арша түтіні арқылы кеңістік аласталып, жаңа жылға лайық күйге келтіріледі. Шелпек пісіру барысында шыққан иіс – тіршіліктің, берекенің, жаңа ырыстың белгісі мен қос дүниені тазартуды, жаңартуды білдіреді. Бұл рәсімдер арқылы уақыттың жаңа айналымы тазарып, киелі күйге түседі.

Аластау ғұрпы бүкіл ауылды, мал-жанды қамтыған. Бұл ғұрпты көшенің екі жағына оттың нышанын қойып, атқаруға әбден болады.

Иіс – көзге көрінбейтін, бірақ сезілетін дәнекер. Ол адам мен ғалам арасындағы шекараны жойып, тұтастық орнатады. Біз әлі бұл құндылықтарды ескермей отырмыз, оның орнына наурыздаманы алдамшы, қарабайыр жайттарға толтырып кеттік.

Сондықтан Наурыз – жай мереке емес, **уақытты, кеңістікті және адамды қайта үйлестіретін ғаламдық дүниетаным феномені.**



йізді малды – ешкі мен сиырды Айдың нышаны ретінде қабылдағандығы турасында тезистер қалыптасып отыр. Мүйізді малды құрбандыққа шалу Түнді Күнге жеңдіру ретінде дәстүрге енген. Бүгінде көкпарға ойын емес, спорт ретінде қарап, оның атрибуттарына да соған лайықтап, әйгілеуді қолға алған дұрыс еді.

Айтыс. Күнге табынушылар мен Айға табынушылар арасында талай тартыс та, соғыс та болған. Бертін келе абыздар бұл тартысты бейбіт, өнер сайысына жеңдіруге тырысқан жайтты айтыстан, күрестен т.б. спорттық-өнер тартыстарынан байқаймыз.

Наурыздық нысан – дуалистік теңгерім (баланс) үдерісі: Ақ пен Қара; Жақсы мен Жаман; Күндіз бен Түн; Жарық пен Қараңғы; Аталық негіз бен Аналық негіз; Ін (ин) мен Ен (ян), Құт пен Жұт ... Ал, дуализмнің үйлесімі – олардың бейбіт тартысында, тәжікелесінде, шарпысында. Бұл көрініс қазақтың Айтыс өнерінде арнайы миссиядай қалыптасқан. Айтыстың әуел бастағы туындау сәті де Наурызбен байланыста. Сол себепті де, Өлі мен Тірінің айтысы, Жаз бен Қыстың айтысы, Қыз бен Жігіт айтысы т.т. қосполюстік айтыс түрлері сайып келгенде наурыздық насихаты ғана емес, екі полюстің шарпысу көрінісінің өнердегі проекциясы болып табылады.

Осыған лайық өлі-тірі, жаз-қыс, қыз-жігіт айтыстарын персонаждар айтысына айналдыруға болады және Наурыздамада Жекпе-жек айтыс өткені ләзім.

Алтыбақан – ойын емес, ойынға тән ереже жоқ. Бірақ 6 сырықтан тұратын атрибуты бар. Демек, бұл әлдебір ежелгі жоралғының (ритуал) тетігі болғаны...

Алты бақанымыз – ғаламның жасампаз алты күні де, сырық санының жетеу болуы – әуелгі жеті планета құрметіне деген нышан. Көлденең тартылған жетінші сырық – Күннің белгісі, ол сәулесімен Күн жүйесін жарықтандырып, біріктіріп тұрады. Бірақ ежелгі нұсқасында көлденең сырық болмаған. Алтыбақанды күн батуға дейін құрып бітіреді де, оны тебу салтанатын күн батқан соң бастап, таң атқанша жалғастыру рәсімі бар. Бұл дегеніміз – Жұт (табиғи тапырық - хаос) пен Жаманаттың, Түнектің киесі болып табылатын Іңірге ырық бермеу ниетінің көрінісі, әрекеті, ырымы! Ендеше алтыбақан – Наурыздың таңды қарсы алу ғұрпының бір атрибуты. Қыз бен жігіттің тербелуі – Күн мен Айдың үйлесімін паш ету, Тәңір мен Іңір шарпысын болдырмау. Алтыбақанның біз әлі де заманауи нұсқасын жасақтауымыз керек. Бұған телеарналар арқылы концерт-шоулар ұйымдастыру, бұл бағытта ізденіс бар, бірақ жетілдіре түсу керек және оны алтыбақанмен байланыстырған жөн.

Жамбы ату – әуелде ай секілді бақырды жебемен атып түсіру ғұрпы болғанда, түннің нышаны айды мұқату арқылы наурыздаманың басты ойын-сауығы басталған. Бізде де спорт ойындарын жамбыдан бастаған лайықты болар еді. «Жамбы» сөзінің өзі ежелгі «шам» сөзінің бір нұсқасы болуы керек және бұл ойын түнде «айды» бақанға іліп атудан басталған деуге болады.

Атрибуттар.

Наурызбөрік! Бұл бөрік, ресейлік баскиімдер сайтында орыстың ұлттық баскиімінің тізімінде жүр, бірақ атауы - Наурыз!

Наурызбөрік сипаты: бөріктің бір түріне жатқызуға болғанымен негізі қалпақ пен бөрікті біріктіріп тіккен; қалпақ айырқалпаққа жақын болғанымен, тілігі жоқ, бірақ жоғары қараған тілшесі бар және жиегін асыл тастармен әшекейлеген; бөрік етегі бағалы терімен көмкерілген. Бұл – баскиім емес, Наурыз мерекесіне арналған арнайы киешектің/костюм бір бөлігі. Мұндағы қалпақ – айдың нышаны да, бөрік – күннің нышаны. Күн мен Түннің бірлескенін, теңескенін білдіреді. Аталмыш баскиім Алтынорда дәуірінде Наурыз мейрамында киген ақсүйектердің әшекейінің жұрнағы болса керек. Осы асыл мұраны неліктен қалпына келтірмеске?

Наурызқалпақ! Алтынордалық наурыз қалпақ. Орыстардың ұлттық бас киімдерінің арасында жүр.

Наурызқалпақ сипаты: қалпақтың төбесі қос жолақтың жымдастыра тігілуінен құралады; көктүсті жолақ – аспан, топырақтүсті жолақ – жерді білдіреді. Айыр қалпақтың екі бөлектенген етегі Айдың бейнесін береді, оның бетіне айқыш/крест кестеленген, бұл Күннің таңбасы. Ай мен Күннің бірігуіне тағы да куәміз. Бұл да Алтынорда дәуірінен қалған орыс ерлерінің баскиімі тізімінде суретімен жүр. Киген адамның суреті де қыпшақ/половец екенін оның көкке ширатылған мұрты байқатып тұр. Осы мұраны да наурыздамада неге киіп шықпаймыз?

Жетіген (жетік үн) – ғаламдық құбылыстың кемелденген үнін паш етуге арналған, жеті дыбыстың бірігуінен шығатын қасиетті әуен; Іңірдің күш алуынан туындайтын «ыңырсудың» алдын алу ниетінен қалыптасқан рәсім. Қазіргі кезде «жетіген» сөзі қазақтың жеті ішекті саздық аспап атауы. Ежелгі түркілік «жетік үн» тіркесінен шыққан. Осылайша, кәзіргі «хор» аталатын жеті адамның жамырай ән шырқауы да, «хор» сөзінің өзі түркілік «көп дауыстың бірігуі» (қор) дегенді білдіретін ұғымнан.

Құрақ көрпе. Ұлы істің кемел түсін – жеті бояуын паш етерлік нышан. Наурызда қазақтар құрақ көрпелері мен текемет, сырмағын жайып, үйлерін безендірген.

Тайқазан.Тайқазан жаңа жылғы ырыстың нышаны, молдық пен береке шақырушы сайман есебінде және халықтың бірлігі мен ынтымағының рәмізі.

Жолтерек – әуел баста қазақ танымының жарқын бейнесі. Оны мифологияда да, тарихта да қалыптасқан нұсқасы жеткілікті. Бұл ежелгі түркілік «йол»ы яғни Жер мен Көкті байланыстырушы бәйтерек болып табылады. Орда үйде бұның рөлін адалбақан атқарған. Ташкенттегі Төле бидің мазарында жолтерек рөлінде жуан бақан орнатылыпты. Бұл таным бертін келе еуропалық жаңажылдық атрибутқа айналды. 2009 жылдан бері астанамызда наурыздама кезінде бақанға орнатылған шаңырақтың нұсқасы бірте-бірте сіңісіп келеді. Мектептер мен балабақшалар бұл құрылғыны атрибут есебінде енгізе бастады. Көк күмбезі ретінде көгілдір шаңырақ орнатылған; күмбездің астын ала әшекей баулар бекітілетін шығыры бар дөңгелек немесе сегізбұрыш бекітілген, тігінен жеті түсті баумен,құрмен немесе таспамен әшекейленген, өне бойына жеті түсті таспа оратылған бақан немесе сырық. Астыңғы тегершікке сыйлықтар қойылады.

Бастаңғы. Қазақтың «бастаңғы» жоралғысы бас таңды қарсы алудан орныққан: қариялар ұйықтамай «белкөтерер» отырыста ұйықтамастан таң асырады; қыз-келіншектер «ұйқыашар» дастарханын жаяды, уызқағанақ қояды; ерлер «селтеткізер» сыйлығын әзірлейді. Барлығы жабылып бас таңды қарсы алады. Бұл берігеректегі қазақтың өз мемлекетінен айрылып, бодандық қалыпқа түскен наурыздама рәсімін келтіріп отыр.

Осы деректер үзілісместен сонау сақ дәуірінен бермен қарай бас таңды қарсы алу ғұрпы болғанын әйгілеп тұр емес пе?! Таңғы 6-7 аралығында бүкіл халық болып елбасшымыз бен өңірлерде әкімдер бастап жаңа күннің арайына шомылсақ, қандай романтикалық-бұқаралық рәсімді қалпына келтірген болар едік! Ал бұл таң 14 наурыздан басталатын бас таң болар еді.

Біздің бүгінгі наурыздама ежелден келе жатқан Жыл басы құндылығын әлі күнге танымай отыр. 14 наурыз – әуелден «Жыл басы» деген мәртебеге ие.

Жылдық кезең төрт маусымға жіктелген. Оны Таңбалыдағы әлгі Тәңір-Іңір петроглифі де мойндатып тұр: әр маусым, жылдың жасына қарай балалық, жастық, егделік, қарттық сипатты бейнелеген. Әрбір үш ай бірігіп, бір маусымды құраған. Әр маусымға тән өз жасы бар: көктем – бала, жаз – өспірім, күз – кемел шақ, қыс – қарттық кезең. Осылайша 14 наурызда туған бір жыл - келесі жылдың 13 наурызында бітетін бір ғұмыр. Қыспен бірге ескі жыл онүшінші наурызда шығады.

Жыл басы міндетті түрде көктем айының алғашқы күні болып табылған, өйткені, наурыз айында тоқсан күндік қыс кетіп, көктем келеді, ал қыс дегеніміз - ескі жылдың соңғы мезгілі. Көктем – табиғаттың ғана емес ғаламның жаңа микромүшелі басталатын маусым. Наурыздың құстағы нышаны – наурызек аталатын деген жыл құсы – торғай, ал өсімдіктегі нышан – мұзды жарып шығатын бәйшешек, қызғалдақ емес. Қызғалдақ - құм қызғанда шығатын жаз маусымының нышаны. Біз бұларды шатастырып жүрміз. 14 наурыздағы аяулы көріністің бірі бәйшешек көрмесі, гүлдер жәрмеңкесі болуы керек. Жаңа жылдың жәндіктегі нышаны – тышқан, сол бірінші қуанып, құттықтасады. Сондықтан да қазақ мүшелін тышқан бастайды.

V. 14 НАУРЫЗ – ЖЫЛ БАСЫ

Белгілі этнограф Әбубәкір Диваевтың былай деп жазылады: *«Хамал деп біз халықтық есеп бойынша жылдың басталуын айтамыз. Хамал (наурыз) айы 31 күннен тұрады. Осы айдың 15-күні – құстардың келуі, күн мен түннің теңелуі және жаңа жылдың басталуы».*

Бұл жерде сөз болып отырған құс, анық, көктемнің келгенін сүйіншілейтін наурызек – шақшақай (трясогузка) екені байқалады. Қазақ аңыз бойынша, дәл осы сұр-қара қауырсынды, сары бауырлы кішкентай құс көктемгі күн мен түн теңелетін күні ұшып келіп, жаңа жылдың басталғанын хабарлайды.

14 наурыз қазақша Жаңа жылдың енген күні ретінде мойындалған, ескі жылдың есіркеп, жаңа жылдың жарылқауын тілеу осы күннен басталған. «Көрісу» демекші, қалмақтар да «золғұһ» (жолғұқ - жолығу) атап, жыл басында төс қағыстыра сәлемдесу дәстүрін ұмытпаған. Бұл дәстүр парсыларға тән емес, бірақ олар да мерекені 14 наурызда бастайды. Ескіше 1-8 наурыз (жаңаша: 14-21 наурыз аралығы) аралығында сегіз күн бойы ресми аталып, арты бұқаралық айлап мерекелеуге ұласқандығын Мәшһүр-Жүсіп атамыз былай атап өтіпті: *«Жиырма тоғыз жасымда Бұхарай-Шәрифте Ғабдалахыд ханның наурыздама тойының сегіз күн ішінде болдым. Ұдайымен жүреміте үш кісіні жыққанға бір шапан бәйге, дәл сегізінші күн: «Мазар Шариф»-деседі. Қожа Бахауалдин әулиенің қасындағы хауызға қант төгіп, суды қант татытып, жұрт жабыла ішіп, «той тарқар» болады...»*

Шәкәрім Құдайбердінің баласы Ахаттың естелігінде: «14-март – ескіше 1-март. Әкей айтты: *«Бүгін ескіше 1-март, қазақша жаңа жыл, ұлыстың ұлы күні дейді»,* - деп күнтізбенің бүгінгі 14 наурыздан екенін ескертеді.

Семей-Өскемен өңірінде халық арасында наурыздың 14-і «әбдікей» деп аталады. Шамасы бұл әлгі наурызек құстың басқаша аталуы болса керек.

Бір қызығы, Рим империясынан бастап Ресей патшалығына дейінгі алып мемлекеттер өздерінің жыл санау сәтін Григориан күнтізбесі қабылданғанға дейін ескіше 1 наурызда (қазіргіше – 14 наурыз) атап өткен. Ендеше адамзатқа ортақ күнтізбе әуел бастан түркілік Ортаңғы Азияның көне іліміне сүйенген. Ал біз жаңа тұжырымға 14 наурызды Амал-Көрісу деп ойдан мереке құрастырып қойдық. 1989 жылы ай атауларын қазақшалағанда, бұрын халық арасында аталған марттың «амал» атауын, «наурыз» атадық – бұрын мұндай ай атауы болған емес. Мереке де жоқ. Бірақ күннің мәртебесі – Жыл басы! Бұл мәртебе әлі күнге қайтарылған жоқ.

Көрісу деген де мейрам атымен болған жоқ, бірақ ай мен жыл жаңарғанда халқымыз ежелден көрісіп құттықтасқан. Бұның көрінісі петроглифте де тұр, тіпті 1206 жылы Үндістанда құрылған Дели сұлтандығы кезінде жаңа ай мен Рамазан мерекесі қатар келгенде бірін бірі делилік қыпшақтар көрісіп құшақтасқанын «Рәзия сұлтан» сериалының 1-сериясынан көреміз. Яғни көрісу мереке емес, әуелден келе жатқан құттықтау рәсімі ғана. Бұған айғақтар көп. Әсіресе әдеби туындыларда жүр.

Абай Құнанбайұлы «Жазғытұры» өлеңінде:

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.

Ахмет Байтұрсынұлы былай өлеңдетеді:

Келгенінше құттықтап бірін-бірі,
Қуанышта көрісіп кәрі-жасы.

Бұлардың ешқайсысы арнайы «көрісу» аталатын мерекені атамайды. Бұның бәрін өз қалпына түзету – біздің тарих пен мәдениет, ұрпақ сабақтастығы үшін өтейтін парызымыз.

V. 9 КҮНДІК НАУРЫЗДАМА

Жаңарған наурыздаманы 2016 жылы дәйектеген «Наурыз-фест» тұжырымдамасында толық келтіргенбіз. 9 күндік фестивальдің әр күні бір тақырыпқа арналып, оның белгісі мен шаралары, мазмұны толық сипатталған. Енді соны халыққа, одан әрі жалпытүркілік ауқымға шығаруға әбден болады. 9 саны қазақта аса киелі әрі тылсым саны мен өлшемі саналады.

9 күндік Наурыз-фест.

14.03. Шуақ күні (14 наурыз) – Жыл басы
15.03. Жаңару күні – тазарту
16.03. Жайнау күні – өң
17.03. Шаттық күні – үн
18.03. Береке күні – дәм
19.03.Тағзым күні – иіс
20.03. Өркен күні – перзент пен төл, балауса
21.03. Ұлы күн – ұлы істің ұлы шаралары: спорт, салтанат
22.03. Бастаңғы – бас таңды қарсы алу

Бұл тұжырым ұлттық таным мен мифологиялық-космогониялық білімдерді тұтастырған тұжырымға негізделген. Наурыздаманың игілігін көруге жазсын.

Ұлы іс оң болсын!



Захардин ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ
Қазақстанның Құрметті жазушысы

ТЕМІРЛАНДА ТОҒЫСҚАН

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Оңтүстік өлкесіне Дулатовтың өзі де сапарлады. «Қазақ» газетін шығарып, тарату қамымен сонау Павлодардан мынау Әулиеатаға дейін келіп, жол-жөнекей қала, даладағы ел-жұртымен кездесті. Кейін Оңтүстік ұғымының аясында тілге тиек етілетін, шын мәнінде бірнеше ұлттық аймақтың орталығы, Түркістан республикасының астанасы атанған Ташкентте «Ақ жол» газетін шығарған кезде Шымкентпен, әсіресе Арыс өзенін бойлай орналасқан қазағы қалың ауылдармен жақын танысты. Осы орайда айта кеткен жөн шығар, «Ақ жол» қазақтың ғана емес, сол тұста аталған республиканың құрамына кірген өзбектер мен қырғыздардың да ойына қозғау салған басылым болды. Мысалы, қырғыз жазба әдебиетінің бастауында тұрған ақын деп есептелетін Аалы Тоқомбаевтың тырнақалды туындысы, «Ленин» атты өлеңі алдымен, 1925 жылы осы аталмыш газетте жарияланған екен...

Тасқаладан шығып тұрған басылым Міржақып Дулатовты Шымқаланың, жалпы Оңтүстік өлкесінің тумасындай азаматқа айналдырды. Ол осында әріптестер, достар тапты, солардың біразымен туған бауырындай жақын араласты. Қазір ой жүгіртіп көрсек, сондай етжақындары әрдайым есінде жүріпті, тығырыққа тіреліп, қиналғанда сүйеу бола біліпті. Дулатовтың басына, отбасына қауіп төнген шақта, қапастан шығар жол таппай қиналған сәтте айтқан бір сөзі, аманат дейтіндей шешімі Құдайдың құдіретімен сарғайған архив құжаттарында сақталып қалыпты. Түсінген адамға дуалы ауыздан шыққан осы сөз жерлестеріміз Елемес Жәрменов пен Жабағы Жақсыбаевтың кім екенін айғақтайтын нағыз тарихи құжат емес пе. Иә, дәл солай. Енді созбақтамай 2023 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Алаш ісі: 1920-1930 жж» атты құжаттар жинағында келтірілген аталған дәйек сөзді (369-бет) ұсынайық. Кітапта орысша нұсқасы беріліпті. Біз де андақамұндақа дегендей ой тумас үшін сол қалпында қайталауды жөн көрдік:

«В тот же день и ночь Адилев стал спрашивать у Дулатова, что будет делать со своим семейством. Дулатов ответил, что семья будет отправлена в Алма-Ату или в Чимкент или же в Арысь, к родственникам Жарменова к Жабагы».

Бар-жоғы екі-ақ сөйлем. Тарқатып айтып берер зерттеуші табылса, талай сыр мен жыр, ой мен шер ақтарылғалы тұр-ау... Біз өз тарапымыздан қазірше мынаны ғана айтып өтейік. Аты аталып отырған екі азаматтың бірі сол кездегі мектеп меңгерушісі, аты дүркіреп тұрған Елемес Жәрменов те, екіншісі аймақта атымтай жомарттығымен көпшілікке танымал, көзі ашық, көкірегі ояу қалталы азамат Жабағы Жақсыбаев тұғын. Алдыңғы «Таң атар Шолпан туып, сызылғанда» атты тарауда олардың Гүлсім дәрігер мен оның әкесі Сейітжаппар мырзамен кездесіп, танысқаны туралы аз-кем мәлімет бергенбіз. Ендігі жерде Жабағы бай жайында кеңірек сөз қозғаудың реті келгендей.

Дәулетті, бай адамдардың бәрі бірдей күн сайын өзгеріп отыратын саясатты түсіне алмаған да болар. Жабағы байдың түсінігі заманына лайық еді. Ол Алаш қозғалысын қолдап қана қойған жоқ, Алаш партиясының баспасөз органдарына қаржылай көмек көрсетіп, Алашорда үкіметіне қарасты «Қазақ», «Ақ жол» газеттерінің демеушісі ретінде танылды. Міржақып Дулатовтың сеніміне кіруінің бір себебі осы болса керек. Ел әңгімесіне, тарихи оқиғалардың түзілісіне, қисынына қарағанда Дулатов Шымкентте, Темірланда болып, жаңашыл, халықшыл бай Жабағының тұрмысымен, отбасымен танысқан, екеуі тығыз қарым-қатынаста болған. Өз басына күн туғанда Алаш көсемдерінің бірі Жақсыбаевтардың көп балалы, сүттей ұйыған отбасының Дулатовтарды паналатудан бас тартпайтынына кәміл сенген.

Отыз жетінің зобалаңын жақсы білеміз. Мыңдаған білімді, іскер, адал әрі халықшыл тұлғалар «халық жауы» деген жаламен итжекке айдалып, көбі ату жазасына кесілді. Сталин өліп, «жылымық» аталатын заман туды, көзқарас өзгере бастады. Кешегі «халық жаулары» шетінен ақталып жатты. Бірақ Қазақстандағы айдалып немесе атылып кеткендер тізімінде Жақсыбаев жоқ еді. Сондықтан ол күні кешеге дейін ақталмақ былай тұрған, тіпті аты аталмады да. Бұның өзіндік себебі болыпты. Колхоздастыру қолға алынған тұста сонымен қатар кәмпескелеу науқаны қызу жүрді.

Міне, осындай аласапыран кезде Жақсыбаев бай-кулак деп танылып, қуғын-сүргінге ұшырайды. Алғашқыда оны сайлау құқынан айырады. Ұзамай үкімет мал-мүлкін тартып алуға көшеді. Түрмеге қамалып, одан босап шығады. Бірақ жағдайдың ушығып бара жатқанын елден бұрын көріп, біліп отырған туысқан інісі, билік өкілі Елемес Жәрменов тез арада алысқа көшіп кетуге үгіттейді. Өзі де «ұша жөнелуге» дайын отырған Жабағы бай бір түнде Өзбекстанның Ферғана аймағына көшіп кетеді. Осылайша ол жаппай жазалаудың алғашқы дауылынан аман қалған екен. Шындығында оның кәмпескеге ілінетін, халық жауы атанатын ешбір жазығы жоқ-ты.

Жабағы баяғының Сарыбай, Қарабай сияқты малды бай емес. Оны капиталистік елдердегі буржуазия өкілдерімен салыстырған жөн. Тіпті бүгінгі бизнесмен атанып, құрметке бөленгендер қатарына қосса артық емес. Себебі жасынан қиыншылықты көп көріп, ысылған, шыңдалған әрі сауатты ауыл баласы сауданың тілін білген. Қағаз ақшаны қапқа тығып, жинай бермей, оны «жұмысқа жеккен», бұл орайда қазіргі банкирлер сияқты әрекет ете алған. Қай қоғам, қай заманда да байлар өмір сүрді. Күні кеше оларды миллионер дейтінбіз. Қазір миллиардерлер шықты. Жабағы, әрине, ондай шіріген бай болмапты. Олардан және бір айырмашылығы, артықшылығы деген дұрыс, тапқанын өле жеуді емес, бөле жеуді мақсат тұтқан. Бұл турасында ел аузында сақталған әңгімелер, баспасөзде жарияланған деректер бар.

Қазақта баюдың жолдары туралы әңгіме көп. Біздің есімізге данышпан Абайдың сөзі түседі. «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды» – дейді ұлы ақын. Тура дәулетті адам саналатын Жабағыға арнап айтылғандай.

Енді архив құжаттарында сақталған деректерге кезек берейік. «Жабағы Жақсыбаев Жаныс, оның ішінде Бөгежілі руынан. Е.Жәрменов те, Ж. Жақсыбаев та өздері толтырған құжаттарда «туған жерім Темірлан ауылы» деп көрсетеді. Иә, ол Тамерлановкаға дейін Темірлан болып келген қазақ ауылында 1880 жылы туған. Бай, ірі саудагер. Мал және астық саудасымен айналысқан. Темірлан селосындағы көк шатырлы сәулетті үйде тұрып, сол елдімекенді абаттандыруға үлес қосқан, – деп жазады саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі, тарихшы-генеалог Нұржан Сәдірбекұлы. – Жалпы ол Темірлан аймағын суландыруға, нақты айтқанда «Найманарық», «Құртайарық» деп аталатын каналдарды қазу жұмысына да көмек көрсеткен. Жаңа қоғамның ұстанған саясатын ерте түсініп,



Жабағы Жақсыбаев



Аббас Жақсыбаев

Лениннің бастамасымен жүргізілген Жаңа экономикалық саясат (орысша, қысқаша НЭП) тұсында кедей, кембағал шаруалар үшін Шұбарсарай несие серіктестігін құрып, көпшілікке банк, банкир ретінде қызмет көрсеткен».

Нұржан бауырымыздың тағдыры да негізгі тақырыбымыз Темірланмен тоғысады. Ол Көктөбе ауылының тумасы. Белгілі өлкетанушы. Қарап отырсақ, жоғарыда аталған тарихи деректер жергілікті жұрттың жадында сақталған әңгімелермен ұштасып жатыр. Соның бірін жаңғыртып өтейік.

Бөгежілі руының бір тармағы – Шабайлар ежелден Арыс бойын қоныстап, мал ұстаған, сонымен бірге егіншілікпен де айналысқан. Олар өзен жағалауындағы жер асты суы жақын алқаптарға тары егіп, мақта өсірген. Тарының жайы белгілі. «Мақтаны қалай пайдаланды?» деген сұрақ туындайды. Оны Ташкенттен келетін саудагерлер сатып алатын көрінеді. Кезінде жердің түбі саналатын Ташкент пен алыстағы шағын мақташы ауылды байланыстырып, өсірген өнімін өткізуге, тіпті мақтаны тиісті орнына жеткізіп беруге Жабағы бай араласыпты. Ол екі арада делдал әрі тасымалдаушы ретінде қызмет етіпті. Оның жүк таситын түйелер керуені, жүкшілері жұмыс істеген екен. Абай меңзегендей әрекет етіп, мол дәулетті иеленгені осыдан-ақ анық көрініп тұр емес пе. Айтпақшы, әлгі мақташы ауылының диқандары кейін Е.Жәрменовтің тікелей басшылығымен, қамқорлығымен Ленин атындағы колхоз ұйымдастырылғанда соның құрамына кіріп, ата кәсіптерін жалғастырғаны белгілі.

Еске салып өткеніміздей, 1928 жылы Қазақстанда бай-кулак есебінде кәмпеске науқанына ілігіп, біраз түрмеде отырып шыққан соң Жақсыбаев көрші елге өтіп кетеді. Ол жерде елге сіңісіп, жап-жақсы өмір сүріп жатады. Өйткені әр істің көзін таба білетін байекең Әндіжанның Айым ауданындағы «Бірлескен» артелінде өзіне жақсы таныс жұмысын жалғастырып, колхоздың мақта, т.б. жүктерін тасымалдауды ұйымдастырады. Керек, пайдалы колхозшы екенін ісімен дәлелдейді. Бірақ кейін, 1942 жылы, 21 желтоқсанда шыққан қамау ордері негізінде түрмеге жабылады. Күні кеше ғана ауып келген қазақ отбасының абыройға бөленіп шыға келуі бұнда да үстінен жоғарыға арыз түсіруге негіз болғандай. Байқасақ көрші елде дәулетті жандарды құдалау Ұлы Отан соғысы өршіп тұрған шақта да тоқтамапты. Одан кейін күйеге тағы күйе жағылып, қылмысқа қылмыс жамалып, 1944 жылдың 30 қыркүйегінде Өзбек ССР Қылмыстық кодексінің 66 және 67 баптары бойынша айыпталып, Сот үкімімен 5 жылға еңбекпен түзету лагеріне жіберілген.

Өзінің ешқандай қылмысы жоқтығын білетін сауатты Ж.Жақсыбаев 1946 жылы Шыршықұрылыс лагерінде жүргенде СССР Бас прокуратурасына арыз жазып, өзінің 1942 жылдан бері кінәсіз жазаға кесіліп, қамауда заңсыз күн өткізіп жатқанын жеткізеді. Істі қайта қарауды сұрайды. Себебі алғашқы тергеу шараларын заңды белден баса отырып жүргізген тергеушілер түрмеде бірнеше адамды қорқытып, ұрып-соғып, әбден азаптап, сыбайлас жемқорлық тобының мүшесі деген жаланы зорлықпен мойындатқан еді. Ендігі жерде отыз жетінің қуғын-сүргіні келмеске кеткендей болып, адамзат тарихындағы алапат соғыста жеңіске қол жеткізгеннен кейін заман түзелді, енді әділдік орнайтын шығар деп үміттенген-ді. Бірақ іс жүзінде олай болмай шығады. Жалпы қылмысқа қатысты деп танылған 21 адамның басын біріктіріп отыр делінген Аякеев деген азамат екен. Тергеушілер қисынсыз жерден Жақсыбаевты да сол топтың белсенді мүшесі ретінде айыптайды. Ал ол Мәскеуге жазған өз арызында былай деп көрсетеді:

«Мен Аякеев дегенді танымаймын. Біз бір-бірімізден шамамен 140-150 км жерде, қашықта өмір сүрдік. Таныс та емеспіз. Соған қарамастан мойныма ауыр кінә артылды. Көп уақыт өтпей карцерден Аякеевтің және тағы екі кісінің өлігі шықты. Осыдан кейін мен және басқалар мойындау хатта не жазылса, соған қол қойып беруге мәжбүр болдық. Әділдік үшін Сізден сұранамыз, біздің осы істі қайта қарап шығыңыздар. Біздің ешқандай айыбымыз жоқ. Құр жаламен қамалып, жәбір көріп жатырмыз».

Мәскеуге жолданған арыздан кейін қайта тергеу басталады. Басталғанда Бас прокуратураға жазылған арыз отқа май құйғандай болады. Бұрынғы тергеу тергеу ме! Мәскеуден әділдікке шақырып, ескерту жасау орнына қолдау көрген түрме басшылығы шектен шыққан сұмдық әрекеттерге барады. Содан не керек, Ташкентте қамауда отырған Ж.Жақсыбаев көп ұзамай сол жылдың 22 қарашасы күні қайтыс болады. Түрмедегі азаптаулардың салдарынан өмірден өтті деуге негіз бар.

Жоғарыдан, Мәскеуден әділ тергеу туралы ұсыныс, талап түседі деп, дәмеленудің керегі жоқ екен. Бұған мынадай бір мысал келтірейік. 1938 жылы ақпан айында Шымкент қаласында КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясының көшпелі сессиясы өтіп, оған дивизиялық әскери заңгер Горячев төрағалық етеді. Сөйтіп 19 ақпанда 32 адам ату жазасына кесіледі. Содан соң 20 ақпанда 25 адам, 21 ақпанда 18 адам, бес күнде 75 адам тізім бойынша ату жазасына кесіледі. Бұл аз болғандай, халық комиссары Ежовтың директиваларын орындау үшін қосымша адамдарды тұтқындарға шұғыл кірісу туралы жоғарыдан бұйрық келіп түседі.

Қазақстанда осылай сот жүріп жатқанда Өзбекстан қарап отырсын ба?!

Не деген қилы, қасіретті заман! Ташкент түрмесінде әкесі Жабағымен бірге қамалған Аббас атты ұлы бар еді. Тергеу құжаттарында ол 1922 жылы туған, әкесі қазақ байы Жабағы Жақсыбаев, анасы Алтын Жақсыбаева деп көрсетілген. Аббас Әндіжандағы педагогикалық техникумда оқыған. Ол 1942 жылғы 31 желтоқсанда ұсталып, 1944 жылы 30 желтоқсанда Өзбек ССР Қылмыстық кодексінің 67 және 128 баптары бойынша 8 жыл еңбекпен түзету мекемелерінде жазасын өтеуге үкім шығарылған. Азаматтың қамалған күні мен оған сот үкімі шыққанға дейінгі аралықта тұп-тура екі жыл өткен. Неткен жүгенсіздік! Бассыздық! Заңсыздық! Техникумда оқитын, жалпы ол елмен, жұртпен байланысы да жоқ, жас жігіттің қандай қылмыс істеуі мүмкін? Миға сыймайтын жала ғой. Аббастың кейінгі тағдыры белгісіз. Түрмеден босап шықпағаны анық...

Жабағы көп балалы отбасының отағасы болған. Енді бақытсыздыққа ұшырап, шерменде болып, арманда кеткен бауырларымыздың аты-жөнін атап өтейік. Сол 1942 жылы, 21 желтоқсанда Әндіжанда қамауға алынғанда Жақсыбаевтың отбасы мүшелері мынадай құрамда болған екен:

Анасы Айжанкүл (83 жаста), әйелдері: Алтын (55 жаста), Гүлзада (40 жаста), балалары: Саидуаққас (24 жаста), Ілияс (21 жаста), Аббас (20 жаста), Зылиха (18 жаста), Алпыс (17 жаста), Нәрік (16 жаста), Гүлзейнеп (14 жаста), Еркін (11 жаста), Дариға (9 жаста), Фатиха (3 жаста), Шора (1 жаста).

Көп балалы отбасы. Ынтымағы жарасқан отбасы. Үйелмелі-сүйелмелі ұл-қыздар. Періштелердің не жазығы бар еді, Құдай-ау...

Жазықсыз «халық жауы» атанып, қуғын-сүргінге түскен, атылған, түрмеде өмірі үзілген арыстардың тағдыры бір-біріне ұқсас. Олардың бәрі де ұлты, халқы үшін бастарын бәйгеге тікті. Сол ұлтының, халқының тәуелсіз ел болғанын көре алмай кетті. Оларға жабылған жаланың жалыны мен ыстық шоғы әйелдерін де, бала-шағаларын да аямай шарпыды, күйдірді. Талай арыстарымыздың ұрпағы жоғалып кетті. Тірі қалған біреңсараны туған ұлтынан, туған жерінен қол үзіп, жат жұртқа, жат жерге бауыр басты. Бүкіл өмірлері, әйтеуір аман қалды демесеңіз, екі оттың ортасында, пышақтың жүзінде жалғасты, өтті... Ұлыларымыздың үлкен қасіреті екі дүниенің де тыныштығын көре алмағандай... Көпке дейін іздеушілері болмады. Іздейтіндей ұрпақ қалмады. Басқалар іздеп келгенде ұлы әке-аталары туралы сөз айта алмады. Төбеден төнген қылыштың қорқынышы сейілмеді. Бұл тұрғыда, бұған да шүкір деуден басқа не айтамыз, Жабағы ердің артында іздеуші ұрпағы қалған екен. Оның тағы бір ерекшелігі осында болса керек. Айтпақшы Жабағы мен ұлы Аббастың түрмеде түсірілген суреттері сақталыпты. Киімдері бірдей. Түрменікі шығар. Түрлері де бір-бірінен айнымайды. Тек әкенің жас үлкендігі көрініп тұр. Әйтпесе өте ұқсас, бір-бірін тура қайталайды. Кім де болса, бір көргеннен Аббас Жабағының баласы дегенді бірден, ойланбай айтары анық.

ТАҒДЫРЛАР

Бір реті келген жерде отбасы мүшелерінің аты-жөнін атадық. Соның ішінде сегізінші Еркін атты ұл тұрды. Міне осы бауырымыздың Ержан атты азамат баласы Шымкент қаласында тұратын болып шықты. Атына лайық Еркіннен атына лайық туған Ержан атасы Жабағының өмірін зерттеуге ден қояды.

Жабағы мен баласы Аббастың түрмеде қайғылы қазаға ұшырағанына көздері жеткен соң отбасы мүшелері және басқа да бірге көшіп-қонған туыстары бейбіт заман орнаған 1960 жылдары Арыс ауданына қарасты «Ақдала» совхозына көшіп келеді. Туған жерге, Отанға оралу көшін бастайды. Содан елге қосылып, етек жауып, ес жиған ағайындылардан Ержан 2021 жылы атасы туралы сұрау салып, Түркістан облысының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне хат жолдайды. Онымен де шектелмей, ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Түркістан облысы бойынша басқармасына, ҚР Президентінің архивіне хат арқылы хабарласады, мәлімет, хабар беруді сұрайды. Бұл үш хатқа да «мәлімет жоқ» деген өзекті өртер жауап алады. Бірақ іздеу шараларын тоқтатпайды. Келе-келе ресми органдарға хат жазып, сұрау салу арқылы шындыққа жетудің қиын екені байқала бастайды. Жауап хаттардың мазмұнынан немкеттілік сезіліп тұрады. Бұл орайда том-том архив құжаттары-нан керекті құжаттарды қалай іздеуді білетін маманның көмегінсіз мақсатқа жетудің қиындығы түсінікті еді. «Іздегенге – сұраған», Е.Жақсыбаев архив сырына қанық Н.Сәдірбекұлына жолығады. Ол істің жөн-жосығын түсініп, Өзбекстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитетіне сұраныс жолдайды. Осы хат оны өзбекстандық тарихшы Бахром Ризаевпен танысуына септігін тигізеді. Жіптің ұшы қолға тиеді. Ұзамай Ташкенттегі қуғын-сүргін құрбандары музейінің қорынан Ж.Жақсыбаевтар туралы алғашқы мәліметтер табылады.

Жас та болса, тәжірибелі әрі Жабағы бай өмір сүрген Темірлан аймағының кешегі тарихынан хабардар маман хат жазып, жауап күтумен шектелмей, Түркістан қаласындағы облыстық, Темірландағы Ордабасы аудандық архивінің құжаттары арасынан бірқатар деректерді табады. Бұл орайда Қытайда Оңтүстік өлкесінің бағына туған тарихшы, ақын әрі арабшадан қазақшаға икемделген төте жазудың қыр-сырын білетін бауырымыз Ғалымжан Қасым сонау аласапыран жылдардағы қазақ баспасөзінде жарияланған Жабағы Жақсыбаевтың өмірі мен қызметіне қатысты бірнеше мақала тауып берді. Осылай да осылай арада сексен жылдай уақыт өткенде елім, жұртым деп, өзіз басын бәйгеге тіккен асыл азаматтың рухы туған жеріне, ұрпақтарына оралды. Бұл келелі әңгіменің бастауы ғана. Ол ары қарай тереңдеп, жалғаса беретініне сенімдіміз. Өйткені азамат ердің артында тәуелсіздік алған елі, атасының рухын қадір тұтатын ұрпақтары бар.



Елемес Жәрменов

IV. Осы жұрт Жәрменовті біле ме екен?

1. От-жалынға оранған өмірбаян

Елемес Жәрменов 1893 жылы Шымкент уезіне қарасты №8 ауылда дүние есігін ашқан екен. Ол патшалық биліктің қазақ қоныстарын қалыптасқан атымен атамай, нөмірлеп қойған, көрер көзге кемсіткен кезең еді. Бүгін бар, ертең жоқ деген пиғылдың көрінісі. Жәрменов өз қолымен толтырған құжаттарда «туған жерім Темірлан» деп көрсетеді. Бұл айналып келгенде сендер әспеттеп отырған Тамерлановка негізінде менің ата мекенім деген сенімін көрсетіп тұр емес пе.

Аумалы-төкпелі заманда Темірлан Тамерлановскіге – Тамерлановкаға айналып, ішкі Ресейден шұбырып келген славян ұлты өкілдерінің құтты мекеніне айналып шыға келген-ді. Сулы, құнарлы аймаққа емін-еркін орналасып, патша ағзамның қорғауына, көмегіне сүйенген переселендер, қазақша айтқанда «қара шекпенділер» аз жылда тұрмыстарын түзеп, мектеп, шіркеу, аурухана салып, жалпы деңгейлері қазақтар былай тұрсын, Еуропа жақтағы жерлестерінен әлдеқайда ілгері, жоғары болып шыға келгені анық. Жер жеткілікті, су бар, жаңа қоныс күре жолдың бойында, уез орталығы да жапжақын. Шымкент атырабындағы алғашқы орыс мектептерінің бірі, ең ірісі десе де болады, дәл осы Тамерлановкада ашылғаны да көп жайдан хабар беріп тұр ғой. Алғашқы жылдардың өзінде онда оқушы саны 70-ке жетіпті. Сол шақта жедел дамыды деп есептелетін Беловод селосындағы мектепте 30 бала оқыпты. Оны айтамыз-ау, алдыңғы тараудан хабардарсыздар, жоғары білімді дәрігердің де алдымен осындағы ауруханаға келгені ше! Бұл да біраз жайдан, саясат барысынан хабар жеткізіп тұр емес пе.

Елемес Жәрменовтің өмір жолы мен қызмет сатыларын зерттеуді алғаш қолға алған оның жерлесі, бұрынғы Ленин туы, қазіргі Қажымұқан ауылының тұрғыны, белгілі өлкетанушы Қыдырбай Жұмаділұлы болды. Оған жанды көмек көрсете білген патриот азамат, кешегі оқушысы, атап өтер тағы бір жай, Жәрменовтің туысы болып келетін Рақымжан Бөбеев еді. Екі азамат екеулеп жүріп, талай мекеме, ұйымдарға сұрау салып, 2003 жылы Е.Жәрменовке қатысты ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы департаментінен жауап хат алуға қол жеткізеді. Енді сол хатты түпнұсқасында келтірейік:

«г. Шымкент мкр. «Сайрам», дом 7, кв. 48, Бобееву Р.Б.

Уважаемый Рахимжан Баханулы!

Ваше заявление в Департаменте КНБ РК по г. Алматы, рассмотрено.

Сообщаем, что Жарменов Елемес, 1893 года рождения, уроженец Темирланского аулсовета Арыского района Южно-Казахстанской области, был арестован 17 октября 1937 года и постановлением Тройки УНКВД Алматинской области от 1 декабря 1937 года по ст. 58-10-11 УК РСФСР осужден к высшей мере наказания – расстрелу, приговор приведен в исполнение 3 декабря 1937 года в г. Алма-Ате.

Определением судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 29 ноября 1957 года постановление Тройки от 1 декабря 1937 года отменено и дело в отношении Жарменова Елемеса прекращено за недоказанностью состава преступления.

По имеющимся данным, Жарменов Е. работал:

В 1924-25 г.г. – председателем Уездного исполнительного комитета в г. Чимкенте;

1926-27 г.г. – директором Казахского института народного образования в г. Кзыл-Орде;

С 1927 года – директором техникума в г. Актюбинске;

С 1930 по 1935 годы – в системе Комитета заготовок в районах Киргизии;

1935-36 г.г. – председателем Киргизской промысловой кооперации в г. Фрунзе;

В 1937 году до дня ареста – начальником АХО Наркомлеса в г. Алма-Ате.

В связи с тем, что в материалах архивного уголовного дела в отношении Жарменова Елемеса автобиографии не имеются, сообщить более точное сведения, о его трудовой деятельности не представляется возможным».

Бұдан бөлек Қыдырбай ағамыз кезінде Жәрменов қызмет еткен мекемелермен де хабарласып, сұрау салып, туған-туысқандары мен ұрпақтарын іздеп тауып, біраз жайларды анықтапты. Дегенмен әлі де зерттеуді, анықтауды қажет ететін мәселелер баршылық.

1937 жылы ол «халық жауы» деген жаламен Алматыда өлім жазасына кесіліп, жаза орындалған соң әйелі Нәзік Жәрменова екі ұлы Қасым мен Төлені жетелеп, Шымкентке келеді. Аласапыран кезең. Осы арада шатасу басталады. Ресми құжаттарда, мысалы, Жәрменов Қасымның әкесі «Ілияс» деп қағазға түседі. Бұл қай Ілияс? Елеместің Ілияс атты інісі бар екені белгілі. Ол да танымал тұлға. Ағасы сияқты «Ақ жол» газетіне мақала жазып тұрады. Біздіңше, құжатта Қасымның әкесі ретінде осы Ілияс көрсетілсе керек. Бізге солай енді. Алайда **«Ілияс деген азамат Елемеспен қызметтес болыпты. Сол танысы балалар қуғын көрмесін деген ниетпен жетімдердің әкесі ретінде өз атын ұсыныпты»** – деген де әңгіме бар. Бұған сену қиын. Ет жақыны, бауыры болмаса, аласапыран заманда бір танысының баласы үшін кім басын бәйгеге тіге қойсын? Біз бұндай қатерлі қадамға өзге емес, тек Ілияс Жәрменов қана бара алады деген ойдамыз.

Сонымен Жәрменовтің өмірбаянына оралайық.



Қасым Жәрменов *(оң жақта бірінші тұр)*

Жиырма бір жасында еңбек жолын переселендер селосында орыс мектебіне ілесе ашылған қазақ мектебінде меңгеруші болып бастаған ауыл баласының бұдан былайғы мансабы сатылап, тез биіктей беріпті. Темірландағы мектеп меңгеруші деген қызметі келесі кезекте уез орталығы Шымкентте жалғасады. Содан кейін отызға толар-толмас жасында уездік атқару комитетінің төрағасы қызметіне бір-ақ секіреді.

Алдағы тарауларда біз осы аралықтағы өміріне кеңірек тоқталамыз. Себебі Қызылордағы, Ақтөбе, Бішкек, одан кейінгі Алматыда атқарған жұмысын, жалпы өмірін көрсететіндей мәлімет, деректер қазірше қолымызға түспей тұр, барының өзі өте аз, мардымсыз...

Арыс өзенінің бойын жайлаған көп қазақ ауылдарының бірінде дүниеге келген Елемес ес жиып, етегін жапқан шақ – бүкіл ұлы дала тұрғындарының жарыққа, білімге ұмтылған, ояну кезеңі еді. Ұлт ұстазы атанған Ыбырай Алтынсарин сонау Торғай даласынан қоңырау соғып, оның сыңғыры Арыс бойын жайлаған Бөгежілі қоныстарына да жетіп жатты. Бұл қоңыраудың күмбірі мұсылманшадан басқа оқуды жақтыра бермейтін молдалардың құлағына да жағымды естілді.

Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық.



Қасым Жәрменов

Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық, –

деген үндеу Алланы сөзсіз мойындаған барша жұрттың да көңілінен шықты. Алтынсарин ғана ма! Қазақтың бас ақыны деген атақты иеленген ұлы Абайдың философияға, білім-танымға, үлгі-өнегеге толы өлеңдері мен қара сөздері Алла тағаланың шын болмысын танытып, халықты Құдайға жақындата түсті. Ақын ғылымға үндеді, өркениетті халықтармен оқу-білім, әрекет-еңбек арқылы теңесуге болатынын қапысыз жеткізді. Себебі ол жасырмай, жақауратпай көп жайды тіке өз атынан баяндады. Басқалардың емес, өзінің қара басын мысал ретінде алды.

«Жасымда ғылым бар деп
ескермедім...»,
«Болыс болдым мінекей...», т.б.

Алаш арыстары «Оян, қазақ!» деп, бүкіл ел-жұртқа жар салып, жаңаша, басқаша, еркін өмір сүруге, бірлесіп әрекет етуге шақырып, алты алаштың басын қосып, біріктіру жолын ұсынды. Бұрын-соңды болмаған газет-журналдар жарық көріп, ауыл-ауылды аралап кетті. Бір естігенін құлағына құйып, жадына түйіп алатын және оны өмір бойы сақтай білетін қазекең емес пе, қағазға түскен сөз көбіне ауыздан ауызға көшіп, құлақтан құлаққа жетіп жатты.

Осындай ояну, сілкіну кезеңі Елеместің ерте есейіп, оқу-білімге ұмтылуына игі әсер еткені белгілі. Өзінің білім жолына қалай түскені жайында ол «Қазақ» газетінің 1914 жылы, 16 қаңтарда шыққан нөміріне шағын мақала беріпті. Тырнақалды туындыларының бірі болса керек. Абай атасы сияқты өзін мысал ете отырып, жастарды білім алуға шақырыпты, яғни білімге қол жеткізу жолындағы қиындықты қалай жеңгенін ортаға салыпты.

«Марқұм Сейітбаттал қажы Мамановтың балалары оқушыларға деп, «Қазақ» басқармасына тапсырған ақшадан 20 сом алдым. 1911-інші жылы әкеміз опат болып, ағайынды екі бала жетіп қалып едік. Былтыр күзді күні анам біреуге қызметке кіріп, өзім оқу үшін «Хұсайнийа» медресесіне келген едім, бірақ бұрын ескі медреседе оқығандығымнан ол жолы емтихан бере алмай қайтқан едім. Бұл жолы жаз әзірленіп, күз медресе «Хұсайнийаға» кірдім. Оқу ақысына төлейтін 60 сомның 45 сомын беріп, қалған 15 сомын төлей алмай қысылып, тағы да оқудан қаламын ба деп тұрғанымда марқұм қажының ақшасынан 20 сом алып, медресе идаресіне төлеп, енді көңілім жайланды...»

Шымкент уезінің қазағы – Елемес Жәрменов».

Семинарияны бітіріп келген жас маман еңбек жолын өзінің Темірлан ауылындағы алғашқы жаңаша қазақ мектебінің меңгерушісі міндетін атқарудан бастағаны белгілі.

Міне, осы он төртінші жылдан Жәрменовтің ағартушылық қызметі басталады. Үш жылдан соң уез орталығы Шымкент қаласындағы мектепке меңгеруші болып ауысады. Мансаптың жоғарылауы ғой. Тағы бір деректерде Шымкент техникумының да меңгерушісі қызметін атқарды деп көрсетіледі. Осылай сатылап келіп, 1924 жылы Шым-кент уездік атқару комитетінің төр-ағасы қызметіне бір-ақ секіреді. Төраға ретінде атқарған еңбегі орасан зор. Оған келесі тарауларда кеңірек тоқталамыз. Қазірше өмірбаянын қысқаша шолып өтейік.

1926-27 жылдары ел астанасы Қызылорда қаласындағы Қазақтың халық ағарту институтының директоры болып қызмет етеді. Ал Жәрменовтен кейін, 1927 жылы институтқа (кезінде Орынборда Қырғыз (қазақ) үкіметінің басшысы болған) атақты қызыл сұңқар, ақын Сәкен Сейфуллин директорлыққа тағайындалыпты. Жап-жас Жәрменов кімдердің алдына шығып кеткен десеңізші!

1927 жылы Е.Жәрменов Ақтөбе қаласындағы техникумның директоры болып барып, 1930 жылы Фрунзе қаласындағы Қырғыз өндірістік кооперативінің төрағасы қызметіне шақыру алады. Құдай-ау, Ақтөбе қайда, Қырғызстан қайда! Сол қызметті үш жыл абыроймен атқарып, Қызылордадан кейін Қазақ елінің астанасы статусына ие болған Алматыдағы Орман шаруашылығы комиссариатында шаруашылық бөлімінің бастығы болып, қасіретті 1937 жылға дейін қызмет етеді. Бірде Шымкентте, ендігіде Қызылорда мен Ақтөбеде, тіпті көрші елді қызмет етіп жүрген Жәрменовтің бауырмалдығы, елі мен жерін, туған ауылы мен сонда қалған туысқандарын бір сәтке де ұмытпай, қамқор қолын созып отыратыны ерекше сүйсіндіреді. Бұл сөзімізге мысал көп. Қазір, реті келген орайда соның бірін ғана еске салып өтейік.

Фрунзеде қызметке тұрып, орнығып алған соң ол сонау Арыс жағасындағы шағын ауылда қалған туыстарын өзіне жақын жерге шақыртып алады. Себебі олардың ауыр тұрмысын жақсартқысы келген болар. Ал кейін өзіне кезекті рет қауіп төнгенде сол ағайындарын аман-есенінде ата қоныста құрылып, тәп-тәуір жұмыс істей бастаған, іргесін кезінде өзі қалап, жер бөліп беріп, мектеп те ашып берген Ленин колхозына көшіреді.

Ұзаңқырап барамыз, ендігі жерде Жәрменовтің ағартушылық қызметі жайындағы тақырыпқа оралайық.

(Жалғасы бар).

ҚОСЫЛМАҒАН ҚОС ЖҮРЕК



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

(Соңы. Басы өткен санда).



– Кіріңіз, кіріңіз, – деген қыздың дауысы шықты.

– Қайырлы кеш, келе жатқан Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! – дедім бөлме ішіне имене аттап.

Төр жақта отырған Айша орнынан ұшып тұрып, «Ағатай, келдіңіз бе?» деп еркелей мойнына асылды. Қыздармен амандасып жатып, үй қабырғасынан өзімнің үлкейтілген портретімді көріп, ішім жылып сала берді...

Әкем марқұм: «Астымдағы көк дөнен жүйрік пе, жоқ әлде уақыт жүйрік пе» деп отырушы еді. арада үш жыл зу етіп өте шықты. Мен КазГУ-ді үздік бітіріп, Алматыдағы жастар басылымына жұмысқа орналастым. Кәдірбек менен екі жыл бұрын жоғары оқу орнын бітіріп, инженер мамандығын алып, бүгінде Талдықорған қаласының маңындағы Текелі руднигінде еңбек етеді. Баяғы туған күнін кафеде тойлайтын Сәулеге үйленіп, тойы Жуалыда дүркіреп өтіп, мен күйеу жолдасы болдым. Айша биыл амандық болса өзі оқып жүрген педагогикалық институтын аяқтамақ. Қолына дипломын алған соң, екеуміз бас қосып, жеке шаңырақ көтереміз деп сөз байласып жүрміз.

Шынында да, махаббат деген таңғажайып ертегі. Үш жыл бойы мен Алматыда, Айша Жамбылда жүрсек те бір-бірімізге деген шынайы сезім күшейе түсті. Қолайлы сәт туа қалса, бір-бірімізге құстай ұшамыз. Осы уақыттың ішінде сүйіспеншіліктің, сағыныштың не екенін екеуміз де терең түсініп, бақыт, қуаныш құшағында жүрдік. Қашанғы жасырып, жабамыз. Айша екеуміздің ғашықтығымыз бүкіл елге жария болды. Бұл туралы досым Кәдірбек те есітіпті. Бір күні Алматыға жолсапармен келіп, менімен хабарласты. Баяғы елпілдеп тұратын досым жоқ, дауысы сабырлы, салмақты болып шықты.

– Кешкі сағат 18.00-де «Алматы» қонақ үйінің жанындағы мейрамханада күтемін, – деп сөзін келте қайырды.

Орыс ағайындардың бір-біріне деген қарым-қатынасы анағұрлым жеңіл әрі қарапайым болатындығын жақсы білемін. Николай деген азамат жақын досының қарындасын сүйіп қалса, «Иван, я твою сестру люблю» деп столға бір шөлмек арағын қойып, қысылмай-қымтырмай ойын ашық айтады. Бұрынғы екі дос ендігі қайын аға мен күйеу бала қырлы үлкен стаканға құйылған ақаңды тартып жіберіп, екеуі құшақтасып, «Ой, зима морозная» деп әнге басады.

Иә, орыстар сондай халық. Ал, біздің қазақтардың болмысы, түйсігі, өмірге деген көзқарасы, бір-бірін сыйлап-құрметтеуі мүлдем басқаша. Өмір сырғып өтіп, мың жыл өтсе де сол баяғы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр өз қалпында. Ата-ананы, ағайын-жұртты, қайын жұртты, күйеуді сыйлаудың, ала жібін аттап кетпеудің өзіндік жол-жоралғысы бар. Міне, қазақтың тектілік қасиеті осында.

Мен бұрынғы досым, болашақ қайын ағам Кәдірбекке келе жатып осы жайды ойладым. Ойлағанымдай, екеуміздің бір-бірімізге құрметіміз басым болғанымен, арамызды көзге көрінбейтін нәзік жіп бөліп тұрды. Досым бұрынғыдай арсалаңдап, құшақтасып амандаспады, жай ғана қолымды алды. Екеуміз мейрамханадағы оңашалау орынға орналасып, мен тапсырыс беруге ұмтылып едім, мұнымды жөн көрмеді.

– Дәркеш, – деді салмақты сөйлеуге тырысып, – мұнда мен сені шақырдым емес пе? Олай болса, ішім-жемге мен төлеймін. Қысылма, күйеу бала!

Кәдірбек маған көз қиығымен қулана қарап, сөзін жалғастырды.

– Соңғы кездері Дәркеш досым неге қашып жүр десем, үндемегеннен үйдей бәле шығады демекші, талай нәрсені бүлдіріп үлгеріпсің.

Мен болашақ қайын ағамның алдында ыңғайсызданып, маңдайымдағы шып-шып еткен терді қолорамалмен сүрте бастадым. Даяшы бір бөтелке қымбат арақ, тіске басатын қазы-қарта қияр және қызанақ араласқан салат әкеліп, алдымызда тұрған стаканға арақ құйды.

– Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған, кел, сен үшін алып қояйық, – деп Кәдірбек ішімдікті қағып салды.

Менің ақаңа деген әуестігім шамалы, ыдыстағы арақты жартылай алып қойдым.

– Өзің онсыз да қорқақ едің, көзің алақтап кетті ғой, сасқалақтама, қарындасымды алады екен деп сені сабайтын жайым жоқ, – деді де Кәдекең екінші жүз граммды тартып жіберді. – Сен журналиссің, түсінуің керек, қызғаныштың түрткісі болады. Ата-анаға, жарыңа, қарындасыңа деген қызғаныш кейде тұла бойыңды билеп алатыны бар. Қазір де сондай сезімде отырмын. Бірақ, өмірдің өз заңы бар, бірге тумақ бар да, бірге өлмек жоқ. Әркімнің өз таңдауы болады. Соңымнан ерген жалғыз қарындасымды қанша жақсы көргенмен, қызғанғанмен өмір бойы жаныма байлап жүрмеймін, теңін тауып, бақытты болғанын тілеймін. Таңдауы сен болған екен, неге мен қарсы болуым керек, қайта қуанамын. Құдайға шүкір, өзімді қалай білсем, сені де солай жақсы білемін. Қылтың-сылтының жоқ, адалсың, біреудің ала жібін аттаған емессің. Айшаның сенімен бақытты болатынына кәміл сенемін. Бұрын досым едің, енді Құдай қаласа, күйеу балам боласың. Кел, екеуіңнің үлкен бақыттарың үшін алып қояйық.

Көңілі босаған Кәдірбек орнынан тұрып мені құшақтап, бетімнен сүйді. Сол кеште екеуміз біраз сілтеп, баяғыша бір-бірімізді құшақтап, әзілдесіп-қалжыңдасып тарадық.

Иә, сол жазда мен шексіз бақытты едім, қуаныш құшағында жүрдім. Жамбылға барып, Айша екеуміз неке қиюға кезекке тұрдық. Тойға киетін ақ көйлек, туфлиге тапсырыс бердік. Сол бір сәтте сұлулығына жүз жігіт ғашық болатын ай дидарлы Айшам ажарлана түсіп, көркіне тоймадым.

Анашым: «Маңдайыңа не жазылса, соны көресің» деп отырушы еді. Иә, жазмыштан, тағдырдан аса алмайсың. Сүйгенімнің жанында тұрып, бақыттан басы айналып тұрған мен бейбақ шаттыққа толы осы сәттің тым қысқа болатындығын білмедім...

Арада екі апта өтпей, бір топ журналистермен Москва, Киев, Ленинград, Минск қалаларына сапар шегіп, Алматыға жиырма күннен соң ғана оралдым. Ол кезде бүгінгідей ұялы телефон, ғаламтор қайдан болсын. Айшаға бір-екі рет телеграмма жібергенім болмаса, хабарласудың реті келмеді. Жұмысқа кіріскен күні ойламаған жерден Кәдірбек кіріп келді. Түрі адам шошырлық, түтігіп кеткен. Сәлемімді әрең алып, қарсы алдымдағы орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Бір сұмдықтың болғанын іштей сезіп, біресе отырдым, біресе тұрдым.

– Айшаны бір оңбаған осыдан он күн бұрын алып қашып кетті. Саған бұйырмады, қор болатын болды қарындасым, – деді тістелене сөйлеп.

– Кәдірбек-ау, не деп кеттің?! Алып қашып кеткені несі! Дауысым тарғылдана шықты. – Ойбай-ау не деп отырсың? Мына дүние не боп кетті өзі!

– Бурныйдағы автобекетте ауылға баратын автобусты күтіп тұрған Айшаны Кентаудың бір жүгірмегі зорлап, алып қашып кетіпті. Сен ол кезде алыста, сапарда жүргенсің. Хабарласа алмадық. Жұмысқа шұғыл телеграмма келіп, бір жолдасымның жеңіл машинасымен ауылға соғып, Кентауға тартып кеттік. Алдымнан шығып, «Құда, құдеке» деп қошемет көрсеткендерді итеріп, Айша отырған бөлмеге жүгіре кірдім. Басына ақ жаулық таққан қарындасым еңіреп жылап жіберді.

– Ағатай, көкешім! Дәркешке енді қай бетіммен қараймын. Бәрі бітті... Арманымыз күл-талқан болды, көке...

– Жылама, Айшатай! Бұлардың сені зорлап, алып қашып келгенін білемін. Бәрінің тас-талқанын шығарамын. Сені алып кетемін, тез жинал, – дедім көзіме ыршып шыққан жасты сүрте беріп.

– Көке, мен енді ешқайда бара алмаймын... Болары болды, бояуы сіңді. Бақыт маған бұйырмады. Тағдырым осылай болса, көнбей қайда барамын мен бейбақ...

Көзі боталап, бетін жас жуған қарындасым сылқ етіп еденге отыра кетті.

Еркегі бар, әйелі бар, жасы мен кәрісі бар жан-жақтан қаумалап, бірдеңе айтып жатыр. Құлағым тас керең болып, ештеңе естімедім. Көзім қарауытып жүре берді. Жайылған дастарханға да бұрылмадым. Келген жолыммен кері қайттым. Айырылып қалдық Айшадан! Ол саған бұйырмады.

Ол ашуланып, столды жұдырығымен бір ұрып, орнынан тұрды. Жүрегім қан жылап, жынды адамша соңынан ере бердім...

Міне, содан бері оншақты жыл өте шығып, Айшаны мынадай жағдайда кездестірдім. Құдай жалғыз, мен жалғыз деген осы. Кәдірбек досым дүркіреп, кеніштің Бас инженері болып тұрғанда, шахтада жарылыс болып, қыршын кетті. Тағдырдың ауыр соққысына кәрі әкесі мен анасы шыдамады, бірінен соң бірі ұлдарының соңынан о дүниеге асығып кете барды...

Бір кездердегі бақытты шаңырақтан жалғыз ғана Айша қалып еді. Сұм тағдыр оны да аямаған құсайды. Шымкенттің теміржол бекетіне сәл ертерек келдік. Темірбекті оңашалау шығарып, Айшаның жағдайын сұрадым.

– Айшаның сізге өте жақын жан екенін сезіп тұрмын, – деді Темірбек. – Менің қалалық оқу бөліміне басшы болып келгеніме жақында бір жыл толады. Кентау үлкен қала емес, қалада оншақты мектеп бар. Жаңылмасам, ол кісі осыдан екі үш жыл бұрын Абылай хан орта мектебінде математика пәнінен сабақ беретін. Құралайдай сұлу жан қашан көрсең де көңілсіз жүретін. Оның себебі де бар еді. Жер жатып жамандамасын, күйеуі жүрген жерінде шөп шықпайтын сұйық, оңбаған жігіт болатын. Осындай айдай сұлу келіншегі бола тұра, бір топ бұзылғандармен жас қызды зорлап, 15 жылға сотталып кетті. Ондай антұрғанға түрмеде де орын жоқ, біреулер пышақтап өлтіріпті. Екі баласымен жесір қалған Айшаны көптен бері көрген жоқ едім, бүгін базарда әк сатып отырғанын көріп, таңқалдым.

– Інім, – дедім Темірбекке – «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» деп ата-бабаларымыз босқа айтпаған. Досымның қарындасы бекерден-бекер базарда әк сатып отырмаған болар. Мәнжайды біліп, мүмкіндік болса, бір мектепке жұмысқа орналастыр. Сауабын аласың, бірақ, бұл жөнінде мен өтініш айтты деп айтпа.

– Түсіндім, аға. Мен де осы жайлы ойлап тұрмын. Алаң болмаңыз, ертеңнен бастап кірісемін, – деді Темірбек қолымды алып. – Аманатыңыз орындалады.

Осы кезде пойызға отыру басталып, мен вагонима көтерілдім. Бір аптадан соң, Темірбектің өзі хабарласты.

– Аға, – деді дауысы көңілді шығып – тапсырмаңыз орындалды. Осыдан екі күн бұрын Айшаны тауып алып, өзімен сөйлестім. Құдай қаласа, дүйсенбіде жұмысқа шығатын болды. Өзі жұмыс істеген мектепте математика пәнінен сабақ беретін болды.

– Рахмет, бауырым! Істеген жақсылығың Алладан қайтсын, – дедім іштей толқып. – Шіркін-ай, өзің сияқты текті азаматтар көп болса, өсер едік, өнер едік. Ризамын саған! Өркенің өссін!

...Ұлы Отан соғысының 50 жылдығына арналған нөмірге жарты ғасырдан кейін Жауынгерлік Қызыл ту орденімен марапатталған бұрынғы майдангер Әбірайым Оңғарбаев туралы очеркім жарияланып, үздік туынды ретінде қызыл тақтаға ілінді. Үш-төрт күннен соң, кейіпкерімнің өзі маған телефон соғып, алғысын жеткізді.

– «Қырықтың бірі – Қыдыр» демекші, текті жігіт екенсің. Әр сәт оқ пен қорғасын болып бораған соғыстың шындығы мен ақиқатын жазыпсың. Окопта өткен сол сұрапыл жылдарды, шейіт болған майдандас достарымды есіме алып, көзіме жас келді. Сенің арқаңда, кемпірім айтпақшы, жаман шалдың атағы дүркіреп тұр. Қаладағы мекемелер, мектептер әртүрлі кездесулерге шақырып, табанымның жерге тиетін түрі жоқ. Үйдегі апаң, менің сары бәйбішем: «Бір орден алды, газетке жазды екен деп шалымды аспанға көтердіңдер. Мені де ардақты батыр ана деп газетке жазды емес пе, Алматыдан келген журналист балам. Неге шалыммен бірге шақырып құрметтемейсіңдер. Он екі бала туған оңай дейсіңдер ме?» деп шатақ шығарып жатыр, – деп Әбекең әдеттегідей сөзін әзіл-қалжыңға бұрып жіберді.

Содан бері отыз жылға жуық уақыт өте шығыпты. Бүгінде Әбдірайым аға да, оның бәйбішесі де арамызда жоқ. Темірбекпен осы күнге дейін хабарласып, араласып тұрамын. Інім бүгінге республикаға белгілі тұлғалы азамат, үлкен қызметте. Айша ұзақ жыл білім ордасында мұғалім, директор болып абыройлы еңбек етіп, пенсияға шықты. Қазақстан Білім беру ісінің үздік қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері. Жақында ойламаған жерден бір бейтаныс әйел телефон соғып, хабарласты.

– Амансыз ба, жағдайыңыз қалай? Мені таныдыңыз ба? – деді дауысы сәл дірілдей шығып.

– Жоқ, айыпқа бұйырмаңыз, кім екеніңізді білмей, дал болып тұрмын, – дедім аң-таң болып.

– Мен Айшамын, сіздің досыңыз Кәдірбектің қарындасымын...

– Айшатай-ау! Өңім бе, түсім бе?! Ойпырмай, сен де хабарласады екенсің-ау! Аман-есенсің бе, қалқам? – деп есім шығып кетті.

– Аманмын, көке, аманмын! Бірінші Құдайға рахмет, одан соң сізге ризамын! Қаншама жыл ешкімге тіс жармай сыртымнан қамқоршы болып жүріпсіз, жасаған жақсылығыңыз Жаратқан иемізден қайтсын! Осының бәрін жақында Темірбек бауырымның аузынан естіп, қайран қалдым. Сіз болмасаңыз, Темірбектей асыл азаматқа жолығар ма едім. Мені ұмытпай, жүрегіңіздің бір түкпірінде сақтағаныңызға мың да бір рахмет! Қос жүрек бір-бірін сүйіп тұрып қосыла алмадық, арманда кеттік. Бізге бұйырмаған бақытты, қуанышты Алла балаларымызға, немерелерімізге сыйласын. Ризамын сізге, Дәркеш аға!

Ол телефонның арғы жағында жылап тұрды. Мен де іштей егілдім...



Тамиланың тұлпары

(Сәйгүліктің сипаты)

Қырғыздың миллиондарды мойындатқан мүсінші қызы Тамила Маматова тағы бір таңғажайып туындысымен бірге түскен суретін желіге жариялады. Тұлпардың тұрпаты десек те болар бұл көріністі. Алайда жаңа дүние жұртшылыққа тұтас күйінде ұсынылмаған. Басы, мойны, алдыңғы екі аяғы ғана қамтылған. Қалған жағы суреттен байқалмайды. Бірақ сол тұлпар тектес жануардың таңбаланып үлгерген бөлігіне қатысты әр мүшесі сөйлеп тұр-ау, сөйлеп тұр...

Тегеурінді тұяғы жер тарпиды, тарпыған сайын дүбір мен доданы аңсайды. Тепсінген тұяқты айтасың, жатаған жалына дейін жай жатпай, жырғағысы кеп жатыр... Мойылдай көзі мөлдіреп, саз балшықты сазгерше сарнатып, сыбызғыдай сызылтатын теңдесі жоқ Тамила қыздың ақ білегіне телміре қарайды. Эпостың әрін әспеттеп, сәнін сәулелеткен Гүлбаршын сұлуға еркелей ұмсынған баяғы Байшұбардың өзі, өзі болмаса да, көзі екен деп қалғандайсың...

Ал Тамила болса, саздан илеп шығарған жүйрік жылқысының қос құлағынан көз алмайды. Құлақтың әлдебір артық бөлігін шертіп жібергісі кеп тұр ма, әлде Абай атам айтқандай, шоқпардай кекіл мен қамыс құлақ етіп қайта өргісі келе ме, оны анық айту қиындау енді. Қалай болғанда да, қырғыздың қағілез қызы қатты ширығып, шабыттың нөсерін төгуге бекінген тәрізді. Тым болмаса, Ала-Тооның етегін ақ жаңбырға малшындырып жібереді-ау. Тура сөйтеді ол...

Ал енді бар ғой, сұлу сәйгүліктің тұмсық тұсын суреттеуге сөз жетпейді. Тіл байланады. Тіл байланған соң, әрине, Абай айтқан атақты «Аттың сынына» жүгінесің:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Абай кейіптеген тұлпар мен Абай көрмеген айылдың жылқысы бір-бірімен кәдімгідей қабыса ма, жоқ па, ол басқа мәселе. Алайда Абайды мүсіндеген қаршадай қыздың ғаламат туындысының тұрпаты ғұлама ойшылдың таным-түйсігімен толық үндесетіні айдан анық.

Бұл сурет жарияланған соң талайдан танитын талғампаз әріптесіміз Гүлмира Сарбасова алдымен үн қатты: «Тамила, удивительно, но помимо фактуры, ты передала энергию коня и даже, его чувства!». Гүлмираның пікірін тамсана тәржімаласақ, шамамен былай боп шығар еді: «Тамила, ғажап дүние! Сен тұлпардың тұрпатын ғана емес, құлагердің әсерлі энергиясын да, тіпті сәйгүліктің сезімін де сипаттап бердің!».

Тағы да Абай аңсаған алашқа танымал арғымақтың биігінен көз салсақ, ұлы ақынның:

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың, қолыма бір тигізбей! –

деген тағылымды тұжырым-түйінінен алыс кете алмас едік.

Біздің жеті түнде ой өрбітіп, қалам қозғап отырған жазбамызға арқау болған осынау суретті таныстыру мәтіні ретінде мүсінші қыз «Фрагмент» деп бір ауыз сөз ғана жаза салыпты. Соған қарағанда әлі бітпеген дүние. Демек, әрі қарай өңделеді, жөнделеді... Е, бітпегенінің өзі мынау болса!

Тұлпарыңыз жүйрік шықсын, Тамила!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ҚАЗАҚСТАН БАЙРАҒЫ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ӘДЕМІ ТУ ДЕП ТАНЫЛДЫ

Қазақстан туы әлемдегі ең әдемі ту деп танылды. Бұл Reddit платформасындағы «Flags of the World» атты ауқымды онлайн-турнирдің нәтижесінде белгілі болды, деп хабарлайды BAQ.KZ.



Желі қолданушыларының дауыс беру нәтижесі бойынша Қазақстан туы бірінші орынды иеленді.

Reddit желісіндегі r/flags тақырыптық қауымдастығында барлық ресми танылған мемлекеттер арасында ең үздік ту таңдалды.

Финалда Қазақстанның көгілдір байрағы Кирибати (Океаниядағы мемлекет) туын басып озды.

Қазақстан - біздің чемпионымыз! Барлығыңыз дауыс беріп, бұл туды әлемдегі ең үздік деп шештіңіздер. Қатысқандардың бәріне рахмет! Бұл үлкен әрі өте қызықты жұмыс болды, - делінген жарияланымда.

Үздік төрттікте (Топ-4) сонымен қатар Сейшель аралдары (4-орын), Бутан (3-орын); Кирибати (2-орын) бар.

Сондай-ақ, Reddit-те тағы бір байқау басталды. Енді желі қолданушылары әлемдегі ең үздік елтаңбаны анықтауда. Қазақстан 26-шы топқа түсті.

Onымен бірге бұл топта Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Моңғолия, Пәкістан, Мальдив аралдары бар.

Платформа қолданушылары әлем елдері арасындағы ең әдемі мемлекеттік елтаңбаны анықтау үшін дауыс беруді жалғастыруда.

Flags of the World Tournament Champion - KAZAKHSTAN



САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ 181-БАБЫН ТҮСІНДІРУ. САЛЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕП-ҚАРАУ

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII ҚРЗ Кодексі

1. Салықтық зерттеп-қарау – салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша іс жүзінде бар немесе жоқ екенін растау мақсатында салық органы жүзеге асыратын іс-шара.

Салықтық зерттеп-қарау салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша жұмыс уақытында жүргізіледі.

Салықтық зерттеп-қарауды жүргізуге қатысу үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен куәгерлер тартылады.

2. Салықтық зерттеп-қарауды жүргізу үшін:

1) салық төлеушіге (салық агентіне) нұсқаманы, салықтық тексерудің алдын ала актісін, салықтық тексеру актісін, мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді және (немесе) билік етуі шектелген мүлік тізімдемесінің актісін табыс етудің мүмкін болмауы;

2) адресаттың тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша болмауына, сондай-ақ ұялы байланыстың абоненттік нөмірлері мен электрондық пошта мекенжайлары туралы деректердің болмауына немесе ұсынылған деректер бойынша кері байланыстың болмауына орай табыс етілуінің мүмкін еместігі туралы белгі қойылған пошта хат-хабарының қайтарылуына байланысты, салық төлеушінің (салық агентінің) іс жүзінде бар немесе жоқ екенін растау қажеттілігі негіз болып табылады.

3. Салықтық зерттеп-қараудың жүргізілетіні туралы салық төлеушіге (салық агентіне) (басшысына) веб-қосымша немесе веб-портал арқылы күні бұрын, бірақ салықтық зерттеп-қарау жүргізілгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей хабарланады.

4. Салықтық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша салық төлеушінің (салық агентінің) тұрған жері бойынша болмау фактісі анықталған кезде салықтық зерттеп-қарау актісі жасалады.

Салықтық зерттеп-қарау актісіне оны жасаған салық органының лауазымды адамы, сондай-ақ куәгерлер қол қояды.

Әрекет жасалған кезде орындалған фотографиялық түсірілімдер мен негативтер, бейнежазбалар немесе басқа да материалдар актіге қоса тігілуі мүмкін.

Салықтық зерттеп-қарау актісінің көшірмесі салық төлеушіге (салық агентіне) оның сұрау салуы бойынша веб-қосымша арқылы ұсынылады.

5. Салық органы салықтық зерттеп-қарау актісі жасалған күннен кейінгі күннен кешіктірмей:

1) уәкілетті органның интернет-ресурсында салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтерді сәйкестендіру нөмірін, тегін, атын және әкесінің атын немесе атауын, салықтық зерттеп-қарауды жүргізу күнін көрсете отырып орналастырады;

2) салық төлеушінің тұрған жерін (болмауын) растау туралы хабарламаны (бұдан әрі осы баптың мақсатында – хабарлама) салық төлеушіге (салық агентіне) жібереді.

6. Салық төлеуші (салық агенті) хабарламаны салық органына өзі келу тәртібімен:

1) салықтық зерттеп-қарау кезінде болмау себептері туралы түсінікті;

2) жылжымайтын мүлікке құқықтылығына қарай салық төлеушінің (салық агентінің) тұрған жерін растайтын құжатты:

жылжымайтын мүлікке меншік құқығын немесе оны пайдалану құқығын растайтын (кемінде бір жыл мерзімге) құжаттың көшірмесін;

пайдалану құқығын растайтын (бір жылдан аз мерзімге) құжаттың көшірмесін, ұсынғанға дейін кемінде он жұмыс күні бұрын салыстырып тексеру үшін көрсетілген құжаттың түпнұсқасын немесе нотариат куәландырған көшірмесін ұсына отырып;

тұрған жері ретінде мәлімделген жылжымайтын мүлік меншік құқығында болатын жеке тұлғаның нотариат куәландырған келісімін ұсыну арқылы орындауға тиіс.

7. Хабарлама осы бапта белгіленген мерзімде орындалмаған кезде салық органы хабарламаны орындау мерзімі өткеннен кейінгі келесі жұмыс күні электрондық шот-фактуралардың жазып берілуін тоқтата тұрады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген қамтамасыз ету тәсілі, егер көрсетілген бөлікте өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 5-тарауының 4-параграфында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қолданылады.

Аманқұл Дархан,
Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Салықтық әкімшілендіру және камералдық мониторинг бөлімінің бас маманы

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

2026 жылға Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Атқаратын лауазымы	Аты-жөні	Қабылдау уақыты	Мекеменің мекен жайы	Қызмет телефоны
Басшы	Ахметов Улан Куандыкович	әр аптаның сәрсенбі күні	Шымкент қаласы, Төле би көшесі 22 үй, қабылдау бөлмесі. II қабат	8-725-2-53-01-32
Басшы орынбасары	Сейітқұл Нұрмұханбет Сәкенұлы	әр аптаның жұма күні	Шымкент қаласы, Төле би көшесі 22 үй 1 қабат, 103 бөлмесі	8-725-2-53-01-34
Басшы орынбасары	Төребек Нүркен Асанұлы	әр аптаның дүйсенбі күні	Шымкент қаласы, Төле би көшесі 22 үй 1 қабат, 106 бөлмесі	8-725-2-53-01-37

Азаматтарды қабылдау сағат 11:00 – ден 17:00 – ге дейін жүргізіледі.
Түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін.
Қабылдауға жазылу 8(7252) 53-01-32 телефоны арқылы жүргізіледі.

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

2026 жылдың 18 ақпанында қайтыс болған **Турматова Зайнаб Курбанбаевна** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2025 жылдың 02 желтоқсанында қайтыс болған **Атамкулова Зулпия Есполгановнадан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ШЫМПЛАСТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 980840004310, заңды мекенжайы: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Сайрам тұрғын үй алабы, Ю,Сареми көшесі, н\ү, құрылтайшының шешімі негізінде өз қызметін ерікті түрде тоқтату (тарату) рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Осыған байланысты серіктестіктің барлық кредиторлары осы хабарландыру жарияланған күннен бастапе екі ай мерзім ішінде өз талаптарын төмендегі мекенжайға жазбаша түрде ұсынуы тиіс: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Сайрам тұрғын үй алабы, Ю.Сареми көшесі, 10/1 ғимараты. Тел.: +7 701 445 46 89.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ШЫМПЛАСТ», БИН 980840004310, г.Шымкент, Каратауский район, жилой массив Сайрам, ул. Ю.Сареми б\н, на основании решения учредителя объявляет о прекращении своей деятельности (ликвидации). Все претензии принимаются в течении 2-х месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Шымкент, Каратауский район, жилой массив Сайрам ул.Ю.Сареми здание 10/1. Тел.: +7 701 445 46 89.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умер **Штумф Владимир Федорович**, дата смерти: 29 декабря 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Исмаилов Анри Анварович**, дата смерти: 10 ноября 2020 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Новиков Николай Иванович**, дата смерти: 02 марта 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті 2025-2026 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің бос қызмет орындарына

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ:

(Лицензия: №KZ87LAA00015319)

Бакалавриат:
6В01110 - «Педагогика және психология»
6В01210-«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
6В01310 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
6В01420-«Музыкалық білім»
6В01440- «Дене шынықтыру және спорт
6В01508-« Математика»
6В01521- «Математика-Физика»
6В01509-«Информатика»
6В01540-«Химия»
6В01545-«Химия-Биология»
6В01550-«Биология»
6В01560-«География»
6В01610- «Тарих»
6В01710- «Қазақ тілі және әдебиеті»
6В01720-«Орыс тілі және әдебиеті»
6В01730- «Шетел тілі: екі шет тілі»
6В01910-«Дефектология»
6В02110-«Дизайн»
6В04110-«Экономика»
6В04120-«Менеджмент»
6В04130-«Есеп және аудит»
6В04140-«Қаржы»
6В04150-«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
6В04160-«Маркетинг»
6В04210 -«Құқықтану»
6В06126- «Информатика»
6В06138- «Ақпараттық жүйелер»
6В06130-«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
6В06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
6В07110-«Электр энергетикасы»
6В07120-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»
6В07310-«Сәулет»
6В07320- «Құрылыс»
6В07323-«Сумен жабдықтау және кәріз жүйесі»

Магистратура:
7М01101-«Педагогика және психология»
7М01514-«Математика»
7М01520-«Информатика»
7М01540-«Биология»
7М01512-«География»
7М01610-«Тарих»
7М01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті»
7М01720-«Шетел тілі:екі шет тілі»
7М04140-«Есеп және аудит»
7М04209-«Құқықтану»
7М06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
7М07112-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»

Докторантура:
8D01110-«Педагогика және психология»
8D01540-«Химия»
8D01550-«Биология»
8D01540-«Химия»
8D01550-«Биология»

Қызметкерлер:
- Университеттің Стратегиялық жоспарлау және дамыту жөніндегі проректоры
– Факультет декандары
– Оқу-әдістемелік басқарманың бастығы, әдіскерлері
– кітапханашы
- СМК маманы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім бастығы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім маманы
- Кафедра меңгерушісі
– маркетинг және кәсіптік бағдар беру бөлімінің бастығы
– Тіркеу бөлімі (офис-регистратура) мамандары
– Әдістемелік кабинет секторының меңгерушісі
– Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі бастығы, әдіскерлері

Қызметкерлерге қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.

Біліктілікке қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес тәжірибесі бар
-ғылым кандидаттары, ғылым докторлары
-аға оқытушылар.
-оқытушылар
- PhD

Профессор-оқытушыларға қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Жалақы келісім бойынша. Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.
Байланыс телефоны: 8 (7252) 95-25-98.
e-mail: otdelkadrov.kipudn@mail.ru

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
"Tacc-Media" ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН
(Астана)
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК "Print Sap" баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 566



НАУРЫЗНАМА: ЕҰУ ЖАСТАРЫ ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ҰЛЫҚТАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мерекелік жиынға университет студенттерімен қатар оқытушылар мен белсенді жастар қатысып, Наурыз мейрамының мән-маңызы туралы өзара пікір алмасты. Ұлттық дәстүр мен заманауи студенттік мәдениетті ұштастырған шара барысында ән мен күй орындалып, түрлі мәдени бағдарламалар ұсынылды. Домбыраның күмбірі мен ұлттық әндер көрермен қауымға ерекше әсер сыйлап, зал ішіндегі мерекелік көңіл күйді одан әрі жандандыра түсті. Студент жастардың белсенді қатысуы мен ұлттық құндылықтарға деген құрметі бұл шараның мазмұнын арттыра түсті.

Осындай тағылымды іс-шаралар арқылы жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру және қазақ халқының бай мәдени мұрасын насихаттау көзделді. Наурызнама онкүндігі аясында ұйымдастырылған бұл басқосу студент жастардың ұлттық дәстүрге деген құрметін арттырып, олардың тарихи танымын кеңейтуге бағытталған маңызды мәдени алаңға айналды.

Мерекенің шымылдығы университеттің «Дала сазы» оркестрінің күйлерімен ашылды. Әуен залға енісімен студенттердің көңіл-күйін көтеріп, ұлттық рухтың лебін сездірді. Оркестрдің орындауындағы дәстүрлі күйлер бірден мерекелік атмосфера қалыптастырып, Наурыз мерекесінің мән-мағынасын көрсеткендей әсер қалдырды. Жастар бір-бірімен көрісіп, наурыздық дәстүрге сай қара жорға билеп, бірлік пен берекенің символын шынайы түрде бейнеледі. Артынша қатысушылардың халық әнін орындау сәті басталып, жас орындаушылар қазақ халқының әндік дәстүрін шебер жеткізді. Ән шырқаған әрбір сәт мерекелік залға жылулық қосып, студенттердің ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін ашық көрсеткендей болды. Ескі, есті әндеріміз тыңдарманның жүрегінің түкпіріне бойлағаны сөзсіз.



Университет ректоры, ҚР ҰҒА академигі Ерлан Бәтташұлы Сыдықов құттықтау сөз сөйлеп, Наурыздың бойтұмар сөзі – «Ұлыс оң, ақ мол болсын» тіркесінің терең мағынасын түсіндіре кетті. Ректор өз сөзінде мерекенің тек көңіл көтеру емес, халқымыздың ұлттық сана-сезімін оятатын маңызды құндылық екенін атап өтті. Сонымен қатар, ол Конституцияға да сілтеме жасап: «Халқымыз қолдаған Конституция құтты болсын. Бұл Конституция жастар үшін арналған. Ондағы әрбір қабылданған заң мен пайымдау біздің келешегімізге бағытталған. Келешек – ол сіздерсіздер», – деп жастарды қазіргі заманғы құқықтық мәдениетке үндеді.

Мерекелік бағдарламаға университеттің «Топжарған» айтыскерлер клубының ақындары да қосылып, жастарға арнауларын жолдады. Айтыскерлердің сөздері мен арнаулары мерекенің рухани мәнін тереңінен сезінуге мүмкіндік беріп, ұлттық өнеріміздің байлығы мен көркемдігін паш етті. Арнаулар әрбір қатысушының көңіл-күйін көтеріп, жастарды шығармашылыққа ынталандырды. Сонымен қатар, айтыскерлердің өткір әрі әзілге толы сөздері мерекелік көңіл-күйді одан әрі толықтырды.

Ұлттық билер көрсетілді. Студенттер дәстүрлі билердің қимыл-қозғалыстарын шебер орындап, залдағы мерекелік көңіл-күйді шыңына шығарды. Қазақ би өнері ол – ұлы өнер дермісің. Жастардың өнеріне тамсанған көрермендер де ұлттық биімізді билеп, іс-шара ерекше леп берді. Мерекенің халықаралық ауқымы да ерекше болды. Қырғызстан мен Тәжікстаннан келген студенттер өз өнерлерін ортаға салып, әсем әндерімен мерекелік атмосфераны толықтырды. Олар әр елдің мәдени ерекшеліктерін танытып қана қоймай, Наурыздың бірлік пен достықты насихаттайтын мәнін аша білді.

Шараның мерекелік бағдарламасын ерекше көңіл-күйге бөлеген сәт – ЕҰУ Студенттер Альянсының мүшесі Әбунасыр Ақарысұлының баян аспабында орындаған көңілді әндер попуриі болды. Барлық қатысушылар ортаға шығып билеп, музыканың ырғағына еніп, залды мейірім мен қуанышқа бөледі. Студенттердің шынайы қуанышы, көрсеткен өнерлері Наурыздың рухани мәнін тағы бір мәрте айқындап, мерекелік атмосфераны шырқау шегіне жеткізді.

Осылайша, «Наурызнама» онкүндігінің ашылу салтанаты студенттерді, оқытушыларды және халықаралық қатысушыларды бір алаңға тоғыстырды. Мерекелік концерт, ұлттық билер мен әндер, айтыс пен попури – барлығы жастардың рухын көтеріп, қазақы дәстүрлердің қазіргі өмірде де өзектілігін көрсеткен сәттер болды. Көзге көрінген ұлттық нақыштағы киімдер, залдың әсем безендірілуі, дастарқанға қойылған ұлттық тағамдар мен аталы сөз бата – барлығы дерлік Наурыздың бірегей нышанын болды.

Бұл шара жастардың өз мәдени мұрасын бағалауы мен сақтауының айқын көрінісі болды. Ұлттық дәстүрге деген сүйіспеншілік, өнерге қызығушылық пен шығармашылық ынта – Наурыздың ең басты құндылығы. Мерекеге қатысқан әрбір адам осы бірлік пен берекенің символы – Наурыздың рухын бойына сіңіріп, ұлттық мақтанышқа бөленді десек те болады.

Бабадан жеткен асыл дәстүрді жалғайтын да, болашаққа үзбей жеткізетін де – осы жастар. Біз, жастар, ұлттық мәдениет пен тарихты құрметтей отырып, өзіміздің шығармашылық күшімізбен, жан-жақты білімімізбен ұрпаққа үлгі болып, қазақы рухты әрі ұлттық мінезді бойымызға сіңіруіміз қажет. Наурыз – тек көктемнің келуі ғана емес, ұлттық сана-сезім мен рухани бірліктің нышаны. Сол бірлікті сақтау – әрбіріміздің жауапкершілігіміз.

Асыл РАХАТҰЛЫ,
ЕҰУ-нің Журналистика және әлеуметтік ғылымдар Жоғары мектебінің студенті

● ҰЛЫҚ МЕЙРАМ ҰЛАҒАТЫ

МЫҢЖЫЛДЫҚ МҰРАСЫН ТАРЛАНДАРДЫҢ ТАРАЗЫЛАУЫ

тарих тереңіндегі асылдарды саралауға мүмкіндік ашты

Көктеммен бірге келетін Наурыз – тек табиғаттың жаңаруы ғана емес, халықтың рухани әлемін жаңғыртып, ұлттың тарихи жады мен мәдени тамырын тереңнен қозғайтын ұлық мейрам. Сан ғасырлық тарихы бар бұл мереке қазақ халқының дүниетанымын, салт-дәстүрін, өмірге деген көзқарасын айқындайтын рухани құндылықтардың бірі ретінде бағаланып келеді.



Бүгінде Наурыз мейрамы тек мерекелік думанмен ғана шектелмей, оның тарихи, мәдени әрі ғылыми қырларын терең зерделеуге бағытталған мазмұнды іс-шаралар арқылы жаңа сипат алып отыр. Осы мақсатта Наурызнама онкүндігі аясында, 14 наурыз күні Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Астана қаласының Мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен Астана қаласындағы «Достық үйі» ғимаратында «Наурыз – дәстүр мен ғылым үндестігі» атты ғылыми-этнографиялық, мәдени-танымдық халықаралық конференция ұйымдастырылды.

Ұлттық дәстүр мен ғылыми танымды ұштастыруды көздеген бұл басқосу ғалымдар мен этнографтарды, қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдерін, сондай-ақ ұлттық мұраға қызығушылық танытқан жастарды бір алаңға жинады. Конференция барысында Наурыз мейрамының тарихи тамыры, оның халық өміріндегі орны, ұлттық салт-дәстүрлермен байланысы және бүгінгі қоғамдағы маңызы төңірегінде кеңінен пікір алмасу өрістеді.

Келген қонақтарды ұйымдастырушылар ерекше атмосферада қарсы алды. Ұлттық нақышпен безендірілген, қазақы болмыстың иісі аңқыған кең залға жиналған жұртшылықты оркестрдің орындауындағы көне әуендер қарсы алды. Сахнадан әуелеген ұлттық әуендер мерекелік көңіл күй сыйлап, Наурыздың рухани жылулығын сездіргендей әсер қалдырды. Шараның шымылдығы «Амал мерекесі» атты театрландырылған көрініспен ашылды. Ұлттық дәстүрдің терең мағынасын көркем сахналық тәсіл арқылы жеткізген бұл көрініс көрермен қауымды қазақ халқының көне салт-жоралғыларына жетелегендей болды. Көріністен кейін қонақтарға дәстүрге сай бауырсақ пен Наурыз көжеден дәм ұсынылып, көпшілік бір сәт Наурыздың берекесі мен молшылықты дәріптейтін мәнін тағы бір мәрте сезінді. Сондай-ақ шараға Астана қаласы Нұра ауданы белсенді ұзақ өмір сүру орталығы жанынан құрылған «Атамекен» ансамблі, ҚР Қарулы күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының әскери оркестрлері қатысып, ақындар арнау айтып, жиынға ерекше мерекелік көңіл күй сыйлады.

Іс-шара барысында «Наурыз – архив деректерінде» атты арнайы көрме де ұйымдастырылып, онда Астана қаласының Мемлекеттік архиві қорында сақталған сирек құжаттар, тарихи фотосуреттер мен құнды материалдар көпшілік назарына ұсынылды. Көрме арқылы келушілер Наурыз мерекесінің тарихи деректердегі көрінісімен, оның қоғам өміріндегі маңызы туралы тың мәліметтермен танысуға мүмкіндік алды.

Конференцияның негізгі ғылыми-пленарлық бөлімінде белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері баяндама жасап, Наурыз мейрамының тарихи, мәдени және рухани мазмұнын ғылыми тұрғыдан талқылады. Пленарлық отырысты Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп жүргізді. Ол жиынның мән-маңызына тоқталып, Наурыз мейрамының тек мерекелік сипатпен шектелмей, ұлттық дүниетаным мен тарихи сананы жаңғыртатын рухани құндылық екенін атап өтті.

Алғашқы құттықтау сөз Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертайұлына берілді. Ол өз сөзінде ел бірлігі мен ұлт рухының маңызын ерекше атап өтті. “Жастар бар жерде болашақ бар. Біз батыр елміз. Отан десек бас көтеріп, дін дегенде бас иетін киелі, мықты елміз”, – деген ол жастардың ұлттық құндылықтарды сақтаудағы рөліне тоқталып, Наурыз мейрамының халықты біріктіретін ерекше рухани күш екенін айтты. Сондай-ақ жиында Қырғыз Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Құдайберген Базарбаев пен Астана қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов те құттықтау сөз сөйлеп, Наурыз мерекесінің түркі халықтарын біріктіретін ортақ құндылық екенін атап өтті.

Бұдан кейін ғылыми-танымдық алаң этнографиялық дәріс пен ашық пікірталас форматында жалғасын тапты. Шара барысында LED экран арқылы «Наурыз: көне дәуірден бүгінге дейін» атты жасанды интеллект көмегімен дайындалған қысқаметражды бейнеролик көрсетілді. Бейнероликті Астана қаласы мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин таныстырып, онда Наурыз мейрамының тарихи бастаулары мен қазақ халқының өміріндегі орны туралы танымдық мәліметтер ұсынылды. Жасанды интеллект арқылы дайындалған бұл бейнематериал Наурыздың терең тарихи тамырын көрсетіп, көрермен қауымға мазмұнды ақпарат ұсына алды.

Жазушы, публицист Алдан Смайыл Наурыз мейрамының қалыптасу тарихы мен оның этнографиялық ерекшеліктері туралы терең ой қозғап, мерекенің халықтың дүниетанымымен сабақтастығын атап өтті. Ғылыми пікірталас барысында филология ғылымдарының докторы, профессор Негимов Серік Нығметоллаұлы Наурыз мейрамындағы қара қазан мен тайқазанның ұлттық-рухани, тарихи және символдық мәніне тоқталды. Ол өз сөзінде: “Ұлыс оң болсын! Молшылық болар, береке болар, тоқшылық болар – осы бір бойтұмар сөздің тарихы мыңжылдықтарға ұштасады. Тайқазанның тарихы терең, ол сақ, ғұн, үйсін дәуірінен бастау алады”, – деп, қазақ дүниетанымындағы қазанның тарихына бойлап, бірлік пен берекенің символы екенін кеңінен түсіндірді.



Жиында тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Көркем академиясының академигі Марат Оралбайұлы мазмұнды баяндама жасап, Алаш қайраткерлерінің ел тарихындағы орнына және олардың ұлттық құндылықтарды сақтаудағы еңбегіне тоқталды. Ғалым өз сөзінде Алаш зиялыларының Наурыз мерекесіне қатысты көзқарастары мен тарихи деректерді негізге ала отырып, ұлттық руханияттың қалыптасуындағы рөлін жан-жақты саралады. Көпшілікке кең тарала бермейтін тың деректерді ортаға салған баяндамасы қатысушылар тарапынан қызығушылықпен қабылданды.

Ал қоғам қайраткері, журналист, мәдениеттанушы-этнолог Серік Әбдірешұлы «Наурызнама: бұрынғы және бүгінгі ұғыптар мен атрибуттар» тақырыбында баяндама жасап, ғылыми-танымдық алаңда ерекше мазмұнды пікірлерімен көзге түсті. Ол өз сөзінде Наурыз мерекесінің тарихи құрылымы мен дәстүрлік жүйесіне тоқталып, 2009 жылы ұсынған тоғыз күндік Наурызнама тұжырымдамасы туралы айтып өтті. Мәдениеттанушы-қайраткер қазіргі кезде кейбір мерекелік атаулардың бұрмаланып жүргенін атап өтіп, олардың тарихи негізін ғылыми тұрғыда түсіндіруге тырысты. Серік Әбдірешұлы Наурыз мерекесінің «паспорты» іспетті саналатын қола дәуіріндегі Таңбалы петроглифтерінің мәнін де кеңінен ашып берді. Этнологтың айтуынша, Наурызнамада адам сезімінің негізгі арналарына сүйенетін төрт іргелі санат бар. Олар – дәм, үн, өң, иіс. Бұл төрт элемент Наурыз мерекесінің мазмұнын толықтырып, халықтың дүниетанымымен тығыз байланысып жатқанын көрсетеді.

Серік Ерғали сондай-ақ ата-бабаларымыздың Наурыз кезінде арнайы дұға жасап, тоғыз күй, одан кейін үш жүз алпыс бес күй тарту дәстүрі болғанын айтып өтті. Оның айтуынша, домбыра – тек музыкалық аспап қана емес, халқымыздың рухани әлемімен сабақтас ерекше қасиетті аспап. Осы арқылы ол қазақтың көне дүниетанымында музыка мен табиғат, рухани әлем арасында терең байланыс болғанын атап өтті. Ғалым қазіргі таңда кейбір салт-жоралғылардың толық сақталмай, бұрмаланып бара жатқанын да тілге тиек етіп, ұлттық дәстүрді ғылыми негізде жаңғыртудың маңызын алға тартты.

Басқосуда республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық «Әділет» газетінің бас редакторы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Мұратбек Тоқтағазин және этнолог-тарихшы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Зылиха Ибадуллаева сынды зиялы қауым өкілдері де пікір білдіріп, Наурыз мерекесінің тарихи-мәдени мәні мен бүгінгі қоғамдағы орны туралы ой қосты. Шара барысында түркі тілдес мемлекеттер – Әзербайжан, Татарстан, Өзбекстан және Қырғызстан өкілдерінің бейнеқұттықтаулары көрсетілді. Бұл құттықтаулар Наурыз мейрамының тек бір халықтың ғана емес, бүкіл түркі дүниесіне ортақ рухани мұра екенін тағы бір мәрте айқындай түсті.

Осылайша, мазмұнды пікірлер мен ғылыми талдауларға толы бұл басқосу Наурыз мейрамының тек дәстүрлі мереке ғана емес, терең тарихи және мәдени мәні бар рухани құндылық екенін тағы бір мәрте айқындай түсті. Ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің ойлары арқылы Наурыздың халық өміріндегі орны, оның ғасырлар бойы қалыптасқан салт-жоралғыларымен байланысы және бүгінгі қоғамдағы маңызы жан-жақты сөз болды.

Әсіресе ұлттық дәстүрді ғылыми тұрғыда зерделеу, тарихи деректерді жаңаша пайымдау және ұмыт бола бастаған ғұрыптарды қайта жаңғырту мәселелері кеңінен қозғалды. Мұндай ғылыми-танымдық кездесулер ұлттық мұраның қадір-қасиетін түсіндірумен қатар, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға да үлкен ықпал етеді. Наурыз – халықтың рухани дүниесін жаңғыртып, ұлттық бірегейлікті айқындайтын маңызды құндылықтардың бірі. Сондықтан, осындай мазмұнды басқосулар дәстүр мен ғылымның сабақтастығын нығайтып, ұлттық құндылықтарды жаңа көзқараспен тануға жол ашады. Ұлттық тарих пен мәдениетті тануға бағытталған мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын тауып, рухани кеңістігіміздің байи түсуіне ықпал ететіні анық. Ұлттық мұра мен рухани құндылықтарды терең түсінетін, қазақы мінезді бойына сіңірген жастар көбейе берсе, ұлтымыздың болашағы да нұрлы болары сөзсіз. Бабадан жеткен асыл мұраны жалғайтын да – осы саналы буын.

Асыл МЫРЗАҒАЛИЕВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті